



АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№ 114 (419) // 18 қазан // сенбі // 2025 жыл

ІС ПЕН НӘТИЖЕ

ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН



Суреттерді түсірген — Дина ДАУТБЕКОВА

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Қарасай ауданына іссапармен барып, өңір жұртшылығымен кездесті. Алдымен Іргелі ауылдық округінің «Асыл арман» тұрғын үй кешенінің аумағында орналасқан «Nomad International school» мектебіне атбасын бұрды.

Ерзат АСЫЛ

Аталған білім ордасының құрылтайшысы «ADVENNTO» ЖШС директоры Ержан Майлыбаев мектептің жағдайын таныстырып, мұнда білім беру бағдарламасына сәйкес академиялық база, технология, спорт және ұлттық құндылықтарға басымдылық беріліп жатқанын жеткізді. Онда 2 мың оқушы мемлекеттік оқу бағдарламасы негізінде тегін білім алады. Ал қалған 1 мыңнан астам бала арнайы тереңдетілген оқу бағдарламасымен ақылы түрде оқиды. Аталған білім ордасы 220-дан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Марат Елеусізұлы мектептің арнайы зертханалармен, робототехника, графикалық дизайн, бейнелеу өнері кабинеттерімен жабдықталғанына, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалғанына баса назар аударды.

Бұдан кейін Марат Елеусізұлы Береке ауылындағы Мәдениет үйінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындармен кездесу өткізді. Жиында алғашқы болып

баяндама жасаған Қарасай ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ақылбек Бексұлтан өңірдің қазан айына дейін қол жеткізген табысы мен алдағы атқарылар жұмыстарына кеңінен тоқталды.

Облыстағы 18 ірі өндірістің 7-еуі Қарасай ауданында орын тепкен. Бұл қатарда «RG BRANDS Kazakhstan», «Coca-Cola Almaty Bottlers», «Hamle Company LTD», «Asia Agro Food», «Efes Kazakhstan», «Kagazy Recycling», «Келун Казфарм» сияқты іргелі кәсіпорындар бар. Аудандағы өнеркәсіп өнімдерінің 90 пайызы аталған кәсіпорындарға тиесілі. Ауданның инвестициялық мүмкіндігі күннен-күнге артып келеді. Қазір 10-ға жуық ірі жоба іске асырылып, 2300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылған.

Өз баяндамасында Ақылбек Бексұлтан аудандағы тұрғын үй құрылысы, бөлшек тауар айналымы, бюджетке түсетін салықтар туралы айта келіп, білім беру саласындағы шешімін күткен мәселелерді де тілге тиек етті.

«Қарасай ауданында ұшауысымды білім беру мәселесі кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Екі жыл бұрын мұнда

12 мектеп ұшауысымда жұмыс істесе, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш алты есе қысқарып, тек бір мектепте ғана ұшауысымды оқыту сақталған», – деді ол.

Келесі кезекте сөз алған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Қарасай ауданын облыс үшін стратегиялық маңызы бар өңірдің бірі деп атады. Аудан инвестиция тарту бойынша екінші орында, өзге де бірқатар бағыттар бойынша жетекші орында келе жатқанын айтып, өндіріс саласын одан әрі дамыту күн тәртібінен түспеуі қажеттігін жеткізді.

Аймақ басшысы өз баяндамасында өткен жылдан бері халықпен кездесулер барысында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысын да сөз етті. Бұл қатарда тұрғын үй, жер, жол, ауызсу мен көгілдір отын мәселелері бар. Саяжайға арналған аймақтарға жол мен жарық жүргізу, газ құбырын тарту, мектеп пен балабақша салу өзекті жайттардың бірі болып отыр.

Әкімнің ел алдындағы баяндамасы аяқталғаннан кейін, халықтың көкейінде жүрген сұрақтардың тиегі ағытылды. Тұрғындардың басым бөлігі көгілдір отынға қосылу бағасының қымбаттауына, елдімекен арасында қатынайтын қоғамдық көліктің жоқтығы мен ауыл ішіндегі жолдардың жайына қатысты сұрақтар қойды. Емдеу мекемесінің жоқтығын алға тартты.

(Соңы 2-бетте) ➔

ПАРЛАМЕНТ ҮНІ



Жанарбек ӨШІМЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

БАТЫЛ ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК

— Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Демократиялық моральдық делініп жүрген құндылықтар, оның ішінде ЛГБТ көптеген елге ондаған жыл бойы таңылып келді. Осындай желеумен халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар көптеген елдің ішкі ісіне негізсіз араласты» деп ашық айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Президент Трамп бастаған Америка әкімшілігінің жаппай қызмет бабын асыра пайдалануға қатысты оқиғаларды анықтауға және дәстүрлі моральдық құндылықтарды қалпына келтіруге бағытталған жұмыстары қолдауға лайық екенін атап өтті.

Расында да, соңғы жылдары әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарымызға жат құбылыстарды, ЛГБТ-ны насихаттайтын ұйымдардың белсенді әрекеті иманымызды үйіріп, жанымызды шүберекке түюде. Әсіресе, олар TikTok, өзге де платформалар арқылы өскелең ұрпақты азғындыққа үгіттеуде.

Аса жоғары технологиялық әдіс-айламен қаруланған мұндай қитұрқы үгіт-насихатқа әлі кәмілеттік жасқа толмаған, жасқы мен жаманды айыра білмейтін, бұғанасы бекімез, рухани дінгегі қатпаған балалар мен жасөспірімдеріміз тез бой алдыратыны анық. Бұл әрекет БҰҰ-ның Балалар құқығы жөніндегі конвенциясына да қайшы келеді. Яғни олар халықаралық нормалардың өзін белден басып, адамдықтан да, ардан да аттауда.

Жастарды аздырып, отбасын ойран етуді көздеітін бұл ұйымдардың жымсысқы әрекеттері сырттан, яғни шетелдерден қаржыландырылуда. Олар бұл бағытта жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға түрлі гранттар беру арқылы еліміздің ішкі ісіне араласып, ұлттық болмысымызға жат дүниелерді таратуда. Осылайша, қоғамды іштен ірітіп, мемлекетімізге қауіп төндіруде.

Мәселен, «Феминита» дейтін ұйым тіпті мектеп оқушыларының чатына «жыныстық қатынасқа баулитын, қалай гомосексуалист, лесбиянка болу жолдарын үйрететін іс-шараға» шақырулар таратқан.

Қазіргі таңда осындай ұйымдарды қаржыландырып келген USAID-тың жұмысы тоқтағанымен, батыс елдерінен қаржыландыру тыйылмай отыр. Ақша үшін барлық құндылықтарды аяққа таптаушылар жымсысқы әрекеттерін жүргізу үшін сырттан долларлап қыруар қаржы алуда. Сондықтан мұндай ұйымдардың жұмысын мұқият тексеріп, заң аясында қатаң шара қолданып, мүлдем тосқауыл қоятын кез жетті.

Бытыр бастамайып азаматтар ЛГБТ-ға қарсы жариялаған петицияға екі атпаның ішінде 50 мыңнан астам адамның қолдап дауыс беруі қоғамның да бұған барынша қарсы екенін білдіреді. Дегенмен, қоғамның бұл орынды талабы Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан ішінара ғана қолдау тауып, зерттейміз дегенмен ғана шектелді.

Ұрпағынды аздыратын, дәстүріңді тоздыратын, алауыздықты қоздыратын, рухыңды сындыратын, сөйтіп елдігіңді тындыратын «демократиялық үрдістердің» атасына нәлет!

Ауызымен құс тістеген алыс-жақындағы елдердің өзі етектерін қымтап, есіктеріне қарауыл қоя бастады. Ал, біз көңілімізді күтті қылып, жаратылысымызды байқап, шаранамызды шайқап тұрған құбылыстарды көзімізбен көріп тұрып қам-қарекетсіз отырмыз. Жанымыз шырылдап, тәніміз күйіп барады.

Енді Үкімет халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдардың қас-қабағына қарап жалтақтамай, еліміздің ішкі ісіне араласып, шаңырағымызды шайқағысы келетін мұндай қадамдарға батыл тосқауыл қоймаса, бәрі де кеш болады.

— БҮГІНГІ НӨМІРДЕ: —

Ұлттық сарынның бояуын бұзбайық



Біз керісінше сонау замандардан келе жатқан төл сарынды сақтап қалуымыз керек. Келесі ұрпаққа сол күйінде жеткізуге міндеттіміз. Күйді өңдеудің де өзінің жөні бар. Сол жөнінен аттамай, ұлттық бояуды кетірмей өңдесе, құба-құл болар еді.

4-бетті қараңыз

Газеттің орны бөлек



Басылымға жазылуды біз әрдайым назарда ұстап, қолдайтын боламыз. Өйткені облыстың төл газетіне оқырман әрқашан оң қабақ танытады деп ойлаймын. Бұл екі басылым бір ғасырдан астам уақыттан бері халықтың сенімді серігі болып келді, бұдан былай да солай бола береді.

8-бетті қараңыз

БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны басталды. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны,
Тілі бай, қазынасы мол бағалы.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша
мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті
редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЛПЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ (жыл бойы):

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	11485,44	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	21228,48	14653,44
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	10765,44	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН



◀ (Басы 1-бетте)

Халықтың базынасын мұқият тыңдаған облыс әкімі кейбір мәселелер бойынша арнайы комиссия құрылатынын айтты. Ал медициналық мекеме салу бойынша жобалық-металық құжат дайындалатынын жеткізді. Жиналған көпшілік сауалдарын жазбаша түрде де жолдап жатты. Облыс басшысы бұл сұрақтарға да дер кезінде жауап берілетінін жеткізді.

Сапар соңында аймақ басшысы өңірдері «MP Solutions», «RG Brands Kazakhstan» және «Burunday Container Terminal» сияқты кәсіпорындардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Өңір экономикасына серпін беретін тағы бір маңызды жоба жүзеге асты.

Бүгінде «RG Brands Kazakhstan» компаниясының Аксеңгір филиалы өз өндірісін кеңейтіп, екі жаңа желіні іске қосты. Нәтижесінде қосымша 120 жаңа жұмыс орны ашылып, жалпы қызметкерлер саны 600 адамға жетті. Кәсіпорынның өнімдері – елімізге кеңінен танымал Pepsi, 7UP, Mirinda, Lipton Ice Tea, Asu, Gracio және Da-Da сияқты брендтер. Зауыт толық өндірістік циклды қамтамасыз етеді. Өнімді өндіруден бастап, қаптау, сақтау және тарату жұмыстарының барлығы заманауи стандарттарға сай жүргізіледі. Бүгінгі таңда кәсіпорын жылдық өндіріс көлемін 1 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға бағыт алып отыр. Ол арқылы сапалы өнім өндірумен қатар, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға зор үлес қосылмақ.

2030 жылға дейін Алматы облысында жалпы құны 7,3 трлн теңгені құрайтын 221 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Ол шамамен 84 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Тек 2025 жылдың өзінде 35 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Олардың ішінде «MP Solution» логистикалық кешені де бар. Көлемі 50 га аумақты алып жатқан кешен құрылысына 70 млрд теңге қаржы салынған. Компания тауарларды сақтау, өңдеу, тасымалдау және қойма жұмысын оңтайландыруды жүзеге асырады. «MP Solutions» ЖШС-ның бас директоры Марат Сүйерқұловтың айтуынша, кешен аумағында 14 қойма салынады. Қазір құрылыс кезең-кезеңімен жүріп жатыр. «MP Solution» логистикалық кешені толық іске қосылғанда 600-ге жуық адам жұмыспен қамтылатын болады.

Аймақ басшысы аялдаған тағы бір кәсіпорын – «Burunday Container Terminal» ЖШС. Онда жүк тиелген және бос контейнерлерді өңдеу, қаптама бөлшектерді сақтау және құжаттарды рәсімдеу қызметі көрсетіледі.

«Алматы облысы өзінің географиялық орналасуына байланысты еуразиялық көлік жүйесінің негізгі торабына айналуға. Бұл парк жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етіп, өңірдің инвестициялық имиджін нығайтады», – деді кезекті сапарды қорытындылаған облыс басшысы.

Карасай ауданы

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Келісім көкжиегі кең



Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның басқарма төрағасы Дәулет Бекмановпен кездесті.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Басқосуда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолдануға ерекше назар аударылды. Аталған компанияның сараптамаларды жеделдетуге, адам факторының әсерін азайтуға, ресурстарды үнемдеуге және басқару құрылымдарының қызметін оңтайландыруға мүмкіндік беретін нақты цифрлық шешімдері талқыланды.

Кездесуде қолданыстағы цифрлық платформалар, соның ішінде Smart Data Ukimet (SDU) 120-дан астам ақпараттық көздерден деректерді біріктіруге негізделген жүйе ұсынылды. Оның ішінде отбасының цифрлық картасы, «Е-айналым» модулі, инвестицияларды талдау, облыстық бюджет және субсидиялау тиімділігі құралдары бар. Мұндай модульдер әкімдіктерге тезірек және нақты, уақытылы өңделген мәліметтер

негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

– Цифрлық трансформация – уақытша шара емес, тұрақты даму векторы. Аналитикалық платформалар мен AI құралдарын пайдалану процестерді жеделдетіп қана қоймай, олардың ашықтығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деп атап өтті облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Жасанды интеллект-ассистенттің функционалдық егжей-тегжейлі қарастырылды. Ол құжаттарды автоматты түрде талдауға, адамның қатысуынсыз анықтамалар мен есептерді қалыптастыруға қабілетті. Бұл платформа жауаптардың өрескел нұсқаларын ұсынады. Осылайша мамандарға жүктемені азайтады және жауап беру уақытын қысқартады. Жасанды интеллект негізінде құқықтық сараптама жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл заң жобаларын талдауды 40 пайыз жеделдетуге мүмкіндік береді. Адам факторына байланысты

кателіктердің ықтималдығын азайтады және бағалаудың дәлдігін арттырады. Диалог барысында атап өтілгендей, мұндай технологиялардың практикалық маңызы бар және декларациялардан әкімшілік практикадағы нақты өзгерістерге көшуге мүмкіндік беретіні анық.

– Технология – бүгінде мемлекеттік секторда да, бизнесте де қолданылатын әмбебап ресурс. Сондықтан «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ұсынатын тәсілдер ауқымдылыққа, икемділікке және қолданбалы тиімділікке бағдарланған, – деді Дәулет Бекманов.

Кездесу соңында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев пен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Дәулет Бекманов арасында стратегиялық әріптестік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл меморандум тараптардың негізгі цифрлық шешімдерді енгізу жоспарын бірлесіп әзірлеу, оның ішінде бейнебақылауды кеңейту және халық үшін жаңа цифрлық сервистерді құру жөніндегі бастамаларын бекітті. Тараптар кадрларды оқытуда, техникалық қолдауда және шешімдерді өңірдің ерекшеліктеріне бейімдеуде одан әрі ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді.

Талқыланған бастамалар басқарушылық тиімділікті арттыруға ғана емес, азаматтардың, бизнес пен биліктің мүдделері тең дәрежеде ескерілетін қолайлы цифрлық ортаны құруға бағытталған. Бұл мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті жақсартуды, қауіпсіздік деңгейін арттыруды және өңірде тұрақты цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыруды білдіреді. Мұндай қадамдар облыстың жекелеген пилоттық жобалары деңгейінде емес, мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі ауқымында инновацияларды енгізуге дайын екенін көрсетеді.

ЕРТЕҢ – ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Орман шаруашылығы қызметкерлері – ұлт болашағына өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар. Олар жылдың төрт мезгілінде табиғат аясында жүріп, орманды бақылап, ағаш егін, жасануарлар дүниесін қорғаумен айналысады. Әсіресе, жазғы өрт қаупі жоғары маусымда олардың жауапкершілігі еселене түседі. Міне, осындай қиын да қызықты мамандық иелері – Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күніне орай салтанатты жиын өтті.

Табиғат сақшыларына құрмет



Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Шараға арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы Кеген орман шаруашылығы мекемесінің жаңа ғимаратын аралап, ондағы жұмыс барысымен танысып шықты. Бұдан соң Мәдениет үйінде өткен жиынға қатысты.

Салтанатты шарада Мемлекеттік гимн орындалып, жиынға қатысушылар Кеген орман шаруашылығы мекемесінің қызметі мен жетістіктері туралы әзерленген бейнероликті тамашалады.

Алғашқы сөз алған облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы орман саласының ел экологиясы үшін маңыздылығын атап өтіп, орманшылардың жанкешті еңбегіне тоқталды.

– Орманшы – табиғатты сүйіп қана қоймай, оны сақтай білетін адам. Мемлекет басшысының 2 миллиард ағаш отырғызу тапсырмасын орындауда да орманшылардың үлесі зор. Бұл істе Алматы облысы ерекше белсенділік танытып келеді, – дей келе, орман шаруашылығы саласында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, табиғатты қорғауға зор үлес қосып келе жатқан қызметкерлерді министрлік пен облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен, сондай-ақ «Қазақстан орманын қорғаудағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Барлығы 25 орманшы I, II және III дәрежелі төсбелгі иегері атанды.

Келесі кезекте сөз алған Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев:

– Бүгін біз табиғаттың ажырамас бөлігі орман байлығын қорғап, сақтау мен көбейту ісіне бар ғұмырын арнаған жандардың кәсіби мерекесін атап өтудеміз. Орман – тек жасыл желек емес, ол-тіршіліктің құретамыры, табиғаттың тынысы. Ата-бабамыз «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп бекер айтпаған. Өйткені орман – экологиялық тепе-теңдіктің кепілі, елдің экологиялық қауіпсіздігін сақтайтын табиғи қалқан. Қай кезеңде болсын, орманды сақтау, табиғатты аялау, ұлттың келешегіне бағытталған игі іс болып қала береді. Орман шаруашылығы мекемелері мен табиғатты қорғау инспекциялары жыл сайын мыңдаған түп көшет отырғызып, жасыл аймақ көлемін арттыруда, – дей келе, орман шаруашылығы қызметкерлері мен сала ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Шара барысында облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Ақыұлы, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Нұркен Исатайұлы, қоғам қайраткері Тұрарбек Мәжілұлы сөз сөйлеп, орманшыларға жылы лебіздерін білдірді.

Туған өлкенің орман байлығын сақтау жолында табанды еңбек етіп, 40 жыл өмірін табиғатқа арнаған сақа орманшы Сағатжан Қасымбековтің айтуынша, орман шаруашылығы саласының басты міндеті орманды қорғау мен сақтау, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру, орман өсімдіктерінің өсімін арттыру және ондағы жануарлар мен құстардың мекенін қорғау. Бұл – жай ғана жұмыс емес, табиғат алдындағы аманат, ұлт алдындағы борыш.

– Бұл салада жауапкершілік мол, көшеттерді кішкентайынан қорғап, өсіріп, баптау керек. Қуз кезінде орманды өрттен қорғау жұмысы тағы бар. Жас мамандарға айтарым, ерінбей еңбек етіп, жақсы жұмыс жасау керек. Екі баламды осы орман шаруашылығында оқытып жатырмын. Біреуі дипломын алды, енді біреуі биыл оқуын аяқтайды, – деді ардагер орманшы.

Кеген орман шаруашылығы мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиев:

– 2017 жылы Үкіметтің қаулысымен Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні бекітілген. Бүгінгі таңда кәсіби мерекені Кеген орман шаруашылығында атап өтіп жатырмыз. Жұмысшы мамандықтары жылына орай, биыл мекемемізге жаңа ғимарат салынды. Мекеме 1946 жылы құрылған. Жер көлемі 90 мың гектар, оның ішінде орманды алқабы 27 мың гектар. Екі тұқымбақ бар, біреуі уақытша, біреуі 54 гектар Жалағаш орманшылығында орналасқан базалық тұқымбақ. Кеген орманшылығында 15 гектардан 50 гектар тау бөктеріне екпе көшеттері отырғызылады. Базалық тұқымбақта төрт жылдық Шренка шыршасын тау бөктеріне апарып өсіреміз, – деді.

Шара соңында аудан өнерпаздары мереке иелеріне арнап ән шырқап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Орманшылардың арқасында еліміздің орман қоры ұлғайып, табиғат байлығы көздің қарашығындай сақталып келеді. Орманды қорғау – туған жерді сақтау. Сондықтан әрбір азамат табиғатқа жанашырлықпен қарап, ағаш отырғызу керек. Бүгін еккен ағаш – ертеңгі ұрпаққа сая боларын естен шығармайық!

Кеген ауданы



Жамбыл ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында «АССАМБЛЕЯ. ПАЛАМЕНТ. МӘСЛИ-ХАТТАР» жобасы аясында облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев ауданның этномәдени бірлестіктері мен қоғамдық құрылым өкілдерімен кездесті. Жиын «Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі ішкі тұрақтылықтың кепілі» тақырыбында өтті.

Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Шараның мақсаты – этносаралық қатынасты, қоғамдық тұрақтылықты нығайту және Ассамблея жанынан құрылған депутаттық топтың жұмысын таныстыру. Шара барысында ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналғанын, этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылғанын айтты.

Тұрақтылық кепілі

Ел бірлігі мен татулықты нығайтуға қызмет етіп келе жатқан ұйымның қоғамдағы рөліне тоқталды. Айтуынша, Ассамблеяның қоғамдық құрылымдары – ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі мен этномәдени бірлестіктер өзге этностар арасындағы өзара түсіністік пен құрметті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырып, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау мақсатында мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтасуда.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, этносаралық келісім – біздің мемлекетіміздің басты байлығы мен жетістігі. Қазақстан халқының бірлігі – тәуелсіздігіміздің тірегі. Сол себепті этносаралық қатынастарды нығайту – біздің басты міндетіміз», – деді аудан басшысы.

Тұрақтылық пен этносаралық келісімнің нәтижесінде ел экономикасы дамып, әлеуметтік жағдайы жылдан-жылға артып келеді. Жамбыл ауданында жүргізілген жұмыстар Қазақстан халқы Ассамблеясының ұстанымдарына сай, этностар арасындағы татулық пен бірлікті нығайтуға бағытталған. Ауданда 30 этнос өкілі бар. Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған аудандық, ауылдық округтік ақсақалдар, аналар кеңестері

жұмыс істейді. Олар жалпұлттық бірлік пен келісімді сақтауға мейлінше ықпал етеді. Этносаралық татулықты нығайту мақсатында ауданда төрт этномәдени бірлестік пен орталық жұмыс атқарады. Бұл орталықтар аудан тұрғындарының мәдени және рухани өмірінің ажырамас бөлігі десе болады. Этномәдени бірлестіктер этносаралық қатынастар саласында пайда болған мәселелерді дер кезінде шешіп, тұрғындарды татулыққа, ауызбіршілікке шақырады. Қоғамда туындаған даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге ықпал ету мақсатында аудан бойынша 4 кәсіби және 29 қоғамдық медиатор қызмет етеді.

Негізгі баяндаманы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев жасады.

– Бұл кездесудің мәні зор. Өйткені біз Мемлекет басшысының саяси бағытын жүзеге асыруда, қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты сақтауда бірге еңбек етіп келе жатқан түрлі этнос өкілдерімен бір алаңда бас қосып отырмыз, – деді Қуат Сұлтанұлы.

Ол осы жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отырғанын, бұл – бірліктің, татулықтың, ел ішіндегі қоғамдық келісімнің үлкен белесі екенін атап өтті. Осы

жылдар ішінде Ассамблея этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына біріктіріп, бейбіт өмір мен өзара түсіністіктің берік негізіне айналды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның 34-сессиясында «Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл бірлік пен тұрақтылықтың символы, біздің ортақ үйіміздегі барлық ұлт пен ұлстың келісімі мен ынтымағының айқын дәлелі» деп атап өтті. Мемлекет басшысының биылғы қыркүйектегі Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын нақтылап берді. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстанды жасанды интеллект дәуіріне бейімдеп, әлеуметтік әділеттілік, технологиялық жаңғыру және экономикалық серпіліс мәселелеріне ерекше назар аударылды», – деген баяндамашы еліміздің жаңа сапалық деңгейге көтерілуі үшін Жолдауда белгіленген жеті негізгі бағытқа жеке-жеке тоқталды.

«Бұл міндеттер тек билікке емес, баршамызға ортақ жауапкершілік жүктейді. Қоғамдағы әрбір азамат, әрбір этнос, әрбір ұйым өз ролін айқын сезінуге тиіс. «Көп тіл білген көкжиекті кеңейтеді, көп ұлтты құрметтеген кемел елге айналады» деген аталы сөз бар. Алматы облысы – 105 этнос өкілінің ортақ шаңырағы. Бұл – біз

үшін үлкен міндетіміз әрі жауапкершілік», – деді.

Жиында этномәдени бірлестік жетекшілері сөз алды. Бұл орайда «Алматы облыстық татар және башқұрт мәдениеті қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ильдар Юлдабаев, «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Рафика Гвиняшев, аудандық ұйғыр этномәдени орталығы жанындағы аналар кеңесінің төрағасы Рашида Сабитова ұлтаралық татулық, қазақстандық патриотизм төңірегінде ой-пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық аналар кеңесінің төрағасы Гүлзира Станқұлова, Жамбыл аудандық қоғамдық кеңестің және аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі, ауданның Құрметті азаматы Тәнірберген Қасымбекбаев сөз сөйледі.

Жиынды қорытындылаған Нұрлан Ерғасұлы Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің белсенді жұмысы, жергілікті атқару органдарымен тығыз байланысы көп мәселені шешуге мүмкіндік беретініне, Ассамблеяның қызметі алдағы уақытта да еліміздегі татулық пен бірлікті нығайтуға өз үлесін қосатынына сенім білдірді. Соңында «Батамен ел көгерер» деген қазақтың жақсы тәмсілімен ауданның құрметті ақсақалы Әлқожа Баққожаұлы көпшілікке бата берді.

Жамбыл ауданы



ҚР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНЕ – 30 ЖЫЛ!

ЖАНҚИЯРЛЫҚ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ



Қонаев қаласында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік шара қаланың орталық алаңынан бастау алды.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Салтанатты жиында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің туы әкелініп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалған соң, облыс әкімінің кеңесшісі Нұржан Құдайбергенов жиналған қауымды Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтады. Нұржан Кеңесұлы өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирлеріне, қызметкерлеріне, бөлім басшылары мен сала ардагерлеріне облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Келесі кезекте облыстық төтенше жағдайлар департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Мират Қабылов сөз алып, 30 жыл ішінде тілсіз жауды ауыздықтау, тағы басқа да төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қазіргі ардагерлердің еңбек сіңіргенін атап өтті. Одан кейін мінберге шыққан «Элитстрой құрылыс компаниясы» ЖШС вице-президенті Лаура Орынбасарқызы 2 қызметкерге пәтер кілтін табыс етті. Одан кейін алаңда бас қосқан жұртшылық өрт сөндіру техникаларының және басқа да



көліктер мен құрал-жабдықтар көрмесін тамашалады.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты шара одан әрі қалалық Мәдениет үйінде жалғасын тапты. Жиналған көпшілік төтенше жағдай кезіндегі қызметтік міндетін атқару кезінде қаза болған құтқарушыларды бір минут үнсіздікпен еске алған соң, алғашқы құттықтау сөз облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Дәурен Оразбековке берілді.

— Бұл мереке — батырлық пен шынайы борыштың, адам өмірін сақтауға бағытталған адал қызметтің салтанаты. Сіздер — төтенше сәттерде тайсалмай, ел амандығы мен халық тыныштығы үшін аянбай тер төгіп жүрген қайсар да адал азаматсыздар. Әрбір құтқарылған өмір, аман қалған тағдыр — сіздердің ерлік пен жанқиярлық еңбектеріңіздің жемісі. Отыз жылдық тарих — кәсіби шеберліктің, табандылықтың, үздіксіз дамудың айғағы. Бүгінде Мемлекет басшысы, министр және облыс әкімінің қолдауымен заманауи техникамен, әуе көліктерімен, сапалы құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуде, — деген департамент басшысы ардагерлердің мол тәжірибесі жас мамандар үшін баға жетпес мұра екенін, олардың ерлік пен адалдықтың үлгісін көрсеткенін баса айтты.

Сахна төрінде Дәурен Дәулетқанұлы сала ардагерлері мен қызметкерлерге «Төтенше жағдайлар министрлігіне — 30 жыл» мерекелік медалін табыс етті. Сонымен бірге

облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасының жедел кезекшісі Болат Махметұлы «Құтқарушы» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар бірқатар қызметкер мен ардагерлерге Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің, облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының Алғыс хаттары берілді.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

АТАМЕКЕН



Әйел - қоғам тірегі

Кеген аудандық Мәдениет үйінде «Әйел кәсіпкерлігі: табыс пен даму жолы» атты іскер әйелдер форумы өтті. Шараны «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Кеген аудандық филиалы және іскер әйелдер кеңесі ұйымдастырды.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Форум алдында кәсіпкер әйелдердің жетістігін көрсететін көрмеге орын берілді. Қатысушылар назарына нәзік жандылардың қолынан шыққан тұрмыстық бұйымдар, кондитерлік, бал, сүт өнімдері ұсынылды.

Шара іскер әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру, белсенді, табысты кәсіпкерлердің тәжірибесін насихаттау, олардың жетістіктерін үлгі ету және әртүрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген жұмысшы мамандық иелерін дәріптеу мақсатын көздеді.

Жиынды облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Жанна Қырғызалықызы ашып, жүргізіп отырды. Форумда сөз алған аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев:

— Ауданымызда іскер әйелдер қатары жылдан-жылға артып келеді. Ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнес, білім, мәдениет, әлеуметтік сала болсын, әйелдер қауымы табысты еңбек етуде. Олар тек өз отбасыларына ғана емес,

қоғамға да пайдасын тигізіп, жұмыс орындарын ашуда. Бұл — нағыз отансүйгіштік пен еңбекқорлықтың үлгісі. Іскер әйел — тек табысты кәсіпкер ғана емес, ол — ана, отбасы мен қоғамның тірегі. Нәзік жандылар ауданымыздың өркендеуіне де зор үлес қосып отыр, — дей келе, кәсіпкер әйелдерді Алғыс хатпен марапаттады.

Келесі кезекте сөз сөйлеген облыстық кәсіпкерлер палатасының іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ләззат Қайсарқызы:

— Бұл форум тек іскер әйелдердің кездесуі емес, бұл — жүрегімен, ойымен, ісімен елге қызмет етіп жүрген әйелдердің бас қосуы. Менің өмір жолым ауылдан басталды. Таудың етегінде, қарапайым отбасында дүниеге келдім, бірақ бала күнімнен ата-анам маған бір нәрсені үйретті. «Еңбек еткен адам ешқашан жеңілмейді» деді. Сол сенім мені өмір бойы жетеледі. 17 жасымнан бастап жұмыс іседім, — деген ол облыстық кәсіпкерлер палатасы атынан бірқатар іскер әйелдерге Алғыс хат табыс етті.

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған Әйелдер қанатының

төрайымы Меруерт Сағындыққызы елімізде іскер әйелдер қауымдастығы 30 жыл бұрын құрылғанын, бүгінде облыстық іскер әйелдер қауымдастығы мүшелерінің қатары кеңейіп жатқанын атап өтті.

Жиын барысында аудандық аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Демжанқызы, кондитер жұмысын дамытып келе жатқан жеке кәсіпкер Ақзер Болатбекқызы, мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғыман әйелдердің еңбек нарығындағы белсенділігі, олардың өзін-өзі дамытуда мүмкіндіктері туралы сөз қозғап, ой-пікірлерін ортаға салды.

— Форумға бірінші рет қатысып отырмын. Өте жоғары деңгейде өтуде. Көрмеге өзіміздің кондитерлік өнімімізді әкеліп, таныстырдық. Тәттілер пісірумен айналысамыз. Барша әйелдер қауымына сәттілік тілеймін! — деген жас кәсіпкер Ақзер Болатбекқызы мұндай мазмұнды кездесулер әйелдердің қоғамдағы орнын арттырып қана қоймай, өзара ынтымақтастықтың нығайтуға да ықпал ететінін тілге тиек етті.

Форум соңында аудандық кәсіпкерлер палатасының іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Бақытгүл Оспанқызы қатысушыларға алғысын білдіріп, мұндай басқосу енді Райымбек ауданында жалғасатынын жеткізді. Шара мерекелік концертке ұласты.

Кеген ауданы

ФОРУМ



Суретті түсірген — Дина ДӘУІТБЕКОВА

Жастарға жаңа мүмкіндік

Қонаев қаласында жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушылар мен комитет төрағаларына арналған «JAS QADAM» форумы өтті. Жоба облыстық жастар ресурстық орталығының бастамасымен биыл бірінші рет өткізілді. Алдағы жылдары дәстүрлі түрде ұйымдастыру жоспарланған. Екі күнге созылған шарада облыстың түкпір-түкпірінен жиналған қатысушылар арнайы шақырылған білікті спикерлердің тренингтеріне қатысып, спорттық және зияткерлік ойындарда бақ сынады. Жобаның мақсаты — өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын кеңінен насихаттау, аудан мен ауылдардағы жастармен жұмыс бағытын нақтылау, қатысушылардың кәсіби және көшбасшылық біліктілігін арттыру.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

— «JAS QADAM» облыстың әр өңірінен келген жастардың бір-бірімен танысып, пікір алмасып, жұмыс барысында нәтижелі істерді жұмыла атқаруына мүмкіндік береді. Форумға 90-ға жуық маман қатысты. Олар ораторлық шеберлік, киберқауіпсіздік, есірткіні пайдалану мен таратудың құқықтық салдары, этносаралық қарым-қатынасты тұрақтандыру, жасанды интеллекттің рөлі сияқты бес бағыт бойынша білімін толықтырды, — деді облыстық жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Еркебұлан Жақан.

Форум барысында облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Алтын Темірғалиева еліміздегі есірткіге қарсы заңнамадағы өзгерістер мен олардың маңызы жөнінде айтып берді. «Есірткіні тұтыну және тарату — қоғамға төнген үлкен қатер. Ол адам ағзасына зиянын тигізіп, психикалық жағдайына да кері әсер етеді, қылмыстың көбеюіне және әлеуметтік тұрақсыздыққа алып келеді. Қазір қабылданып жатқан құқықтық өзгерістер қауіптің жолын кесуге бағытталған. Мұндай кездесулерде жастармен ашық сөйлесу арқылы қатердің алдын алуға болады деп есептеймін», — деді Алтын Есболсынқызы.

Облыстық «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қорының директоры Бексұлтан Нұрақын жасанды интеллекттің болашағы жайлы, әлемдегі, Қазақстандағы даму бағыты туралы баяндады. «Форумда облыстағы жаңа IT жобалар, «Alatau Hub»-тың жұмысы жайлы түсіндірдік. Қазақстанда соңғы уақытта суперкомпьютер пайда болды. Облыс орталығында «Қонаев AI» деп аталатын жасанды интеллектің іске қостық. Олардың мүмкіндіктері жайлы ой қозғап, пікірталас өткіздік. Қатысушылар тарапынан түйткілді сұрақтар да туындады. Олар жасанды интеллект этикасы, оның қауіпті тұстары, деректердің заңсыз өңделуі бойынша сауалдар қойды. Мұның өзі жастардың бұл салаға деген қызығушылығының басым екенін көрсетеді», — деді спикер.

Шараға қатысқан Бота Ерболатқызы Еңбекшіқазақ ауданындағы Рахат ауылдық округінен келген. «Жастар ресурстық орталығында жұмыс істеп жатқаным 4 ай ғана болды. Сондықтан бұл форумнан үйренгенім көп. Пайдалы ақпаратпен танысып қана қоймай, жаңа достар да таптым. Алдағы уақытта жоба барысында үйренген білімді жұмыста қолданатын боламын. Өзім бағдарламалау саласы бойынша білім алып жатқандықтан IT бағытындағы сабақ ерекше ұнады», — деді ол.

Форумның жабылу салтанатында қатысушыларға сертификат табысталып, үздік шыққан жастар марапатталды.

Қонаев қаласы

БРИФИНГ

Экологиялық ахуал бақылауда

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстағы экологиялық ахуал жайы сөз болды. Аталған тақырыпқа орай облыстық экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Алина Түсіпбаева баяндама жасады.

Спикер алдымен қоғамда резонанс тудырған «Алматы – Өскемен» автожолының батыс бағытында орналасқан тұрмыстық қатты қалдықтар полигонындағы өрт мәселесіне тоқталды. Айтуынша, «ADC TAZA ALEM» ЖШС-на аталған аумақта 2020 жылдың 26 маусымынан 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін жұмыс істеуге мүмкіндік берілген. Соған сәйкес жылына 7354,81 тонна қалдық көмуге рұқсат етілген. Уәкілетті органдардан келіп түскен материалдар мен жүргізілген тексерістер нәтижесінде экологиялық заңнама талаптары бұзылғаны анықталған. Бұған жауапты заңды тұлғалар ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 336-бабы 1-бөлігінде көрсетілген қалдықтарды сақтау мен жағу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Айыппұл сомасы — 1 452 000 теңге. Өрт ауданы 12 гектар аумақты шарпыған. «Қазіргі таңда тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының қызметін уақытша тоқтатып, Алматы облысының резервтік жер қорынан жер телімін бөліп, басқа орынға көшіру қажет деп санаймыз», — деді Алина Мұратқызы.

Брифинг барысында облыстағы Ащыбұлақ ауылдық округінде жер көлемін ұлғайту мақсатында Тереңқара өзеніне қалдықтар төгу дерегі тіркелгені айтылды. «Осы жылдың 22 тамызында өзенге құрылыс, тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың заңсыз төгілуі анықталды. Бұл ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабына және табиғатты қорғау заңнамасына қайшы келеді. Анықталған заңбұзушылық бойынша бірқатар жер иелеріне әкімшілік айыппұл салынды. Оларға өзеннің табиғи арнасын қалпына келтіру, келтірілген залалды өтеу бойынша нұсқаулық берілді. Сондай-ақ облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне, Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясына және Ащыбұлақ ауылдық округі әкімдігіне тиісті шара қолдану тапсырылды», — деді спикер.

Гүлзат АЗАТҚЫЗЫ



Есті әуен адам жанының терең қатпарына бойлап, жадында сақталған сезімдерді оятып, жүрек түкпіріндегі ескі күн елестерін жаңғыртып, кейде жанарды мөлдір жасқа толтырып, көңіл шерін тарқатады. Ал мұндай ғаламат музыка жазу өнердің құдіретін түсініп, оны шебер меңгерген нағыз таланттың ғана қолынан келеді. Сондай жанның бірі – композитор, ұстаз, күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат ҮСЕНОВ. Өмір жолына үңіліп, бүгінгі дәстүрлі музыканың жай-күйін білу үшін өнер иесін әңгімеге тарттық.

СҰХБАТ

Әкем соғысқа қатысқан, 1-топтағы мүгедек болды. 9 жасыма дейін ойнап-күліп, алаңсыз күй кештік. Осы жасымда анам артына алты баланы қалдырып, 37-сінде өмірден қайтып кетті. Ең кенжесі емізулі бала еді. Содан басымызға күн туды. Осылайша менің де балалық шағым аяқталды.

Мектеп бітіргеннен кейін бірінші Чайковский атындағы музыка училищесіне бардым. Бірақ Хабидолла Тастанов ағамыздың ақыл-кеңесімен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның дайындық курсына тапсырдым. Ол кезде консерваторияны жөнді білмеймін де, біраз тартыншақтап тұрдым. Ақыры қояр да қоймай алып барды. Онда әуенді сезіне алуым, ырғақ, еске сақтау, домбырада ойнауымды байқады. Ары тексеріп, бері тексеріп болғаннан кейін Еркеғали Рахмадиев: «Сен, бала, күзде бір-ақ кел. Оқуға түстің», – деді. Осылайша дайындық курсына бір-ақ емтихан тапсырып, түсіп кеттім. Онда ұстазым, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, дүлдүл домбырашы Бақыт Қарабалинадан сабақ алдым. Шертпе күйге әуес болдым. Әбікен Хасеновтің ұнтаспаларын тындап, оны өз әліміше

желкен» деген сөз ауызма оралды. Содан күйдің атын «Ақ желкен» деп қойдым. Сөйтсем, Фариза апам «Ақ желкен» журналын басқарған екен ғой. Оны мен білмеймін. Еске алу кешінде осы әуен орындалғанда залдағы көпшілік көзі жасына ерік берді.

Ұстазым Нұрғиса Тілендиев қайтыс болардан бір жыл бұрын шығармашылық кешімді өткізіп беруін сұрадым. Ол кезде сырқаттанып жүрген еді. «Жазылған соң қолға алайық, өзім көмектесемін, шығармаларын жеткілікті», – деді. Сөйтіп жүргенде ол күнге жетпей кетті ғой. 1999 жылы кешімді өткіздім. Онда Нұрғиса Тілендиевке арнап жазылған реквием орындалды. «Нұрғиса-толғау» деп атын қойдым. Осылайша ұстазыма мәңгілік ескерткіш қойдым деп ойлаймын. «Күзгі әуен» – ұстазыма деген сағыныштан туған шығарма. Ұстазсыз күз, Тілендиевсіз күз. Оны ҚР Еңбек сіңірген әртісі, қобызшы Тұрсынхан Қарақожаева алғаш рет орындады. Одан кейін барлық қобызшыларға тарап кетті.

Композиция – өте күрделі сала, қажырлы еңбекті талап ететін мамандық. Қазір жеңіл ән жазатын композиторлар көп қой. Плагиаттан аяқ алып жүре

дауысы қатты шығып, басып кетіп жатады. Бір тұстан ұрмалы аспаптар жаңғырып, арт жақта баян, прима, шертпе аспаптардың дауысы бір-бірімен үйлеспей кетеді. Мұны ретке келтіретін мамандар бізде жоқ. Өткенде Париждегі Нұрғиса Тілендиевтің мерейтойында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға осы мәселелерді жеткіздік. Ол кісі бұл түйткілдерді қарастырамыз деп уәдесін берді. Алдағы уақытта арнайы хат жолдап, бәрін егжей-тегжейлі баяндаймыз. Аида Ғалымқызы мұны назардан тыс қалдырмайды деп ойлаймын.

Енді консерваторияның жайына келейік. Біздің кезімізде консерваторияны 5-6 домбырашы ғана тәмамдайтын. Кейін бұл көбейіп, қазір бір курста 35-40 домбырашы бітіретін болды. Әрине, бұл жақсы үрдіс. Бірақ онда ұлттық репертуармен айналысып жатқан мамандар аз. Бұрынғы шығармалар орындалып келеді. Бірақ ары қарай дамымай қалды. Біздің кезімізде домбырашылар сыныбында «аспаптану», «аспаптау», «оркестрдің партияларын оқу» деген сабақтар болатын. Қазір соның біреуі де жоқ. Мұны қазір басқа

ҰЛТТЫҚ САРЫНЫҢ БОЯУЫН БҰЗБАЙЫҚ

үйрене бастадым. Ұстаздардың ұстазы, Қазақстанның халық әртісі, атақты Қали Жантілеуінің алдын көрдік. Кейін шертпе күй класы ашылып, Уәли Бекеновтен де тәлім алдық. Кенжебек Күмісбеков, Базарбай Жұманиязов, Латиф Хамиди сынды тұлғалардан үйренгеніміз көп болды. Кейін консерваторияға екінші рет түскенде М. Ермолов, В.Ивановна, Л.Быкова сынды ұстаздардың тәжірибесін бойымызға жинадық. Бұл кезде авангардтық музыкаға көп көңіл бөлдім. Бірақ «Отырар сазына» келгенде Н.Тілендиев мені дәстүрлі, ұлттық музыкаға қайта бұрды.

– Кез келген өнер адамының халық жүрегінен орын алған туындылары болады. Сіздің «Кербез сұлу», «Анама», «Көңілді арбақеш», «Күзгі әуен», «Ақ желкен» сынды шығармаларыңыз тыңдарманның ерекше ықыласына бөленген. Мұның сыры неде? Өнер адамдары өз туындыларын дүниеге алып келерде оларға белгілі бір жайттар әсер етеді немесе ішінде бұйырылған сезімдер маза бермей, ұлы шығармаға айналады. Сіздің музыкаңыз қалай өмірге келеді?

– Көкшетаудың көркем келбеті «Кербез сұлу» әуенінің тууына себеп болды. Нурикамал Сейітжанова Ақмола облыстық мәдениет бөлімінің бастығы болып тұрғанда «Алтын дән» ансамбліне әуен жазып беруімді сұрады. Алғаш рет шығарма Көкшениң төрінде шырықалды. Кейін сол «Алтын дән» ансамблінің атауын «Кербез сұлу» деп өзгерттім. Қазір де бұл ансамбль жұмысын жалғастыруда. Мұның нотасын бертін келе атақты домбырашы Айгүл Үлкенбаева тауып алып, маған хабарласып, орындағысы келетінін айтты. Аспапқа лайықты өңдеп, керемет орындап шықты, бейнеүзінді түсірді. Осылайша бүкіл Қазақстанға таралып кетті.

«Анама» шығармасы өмірден ерте кеткен ардақты жанға деген ыстық сағыныштан туған. «Отырар сазында» істеп жүргенде Атырау облысына гастрольдік сапар кезінде дүниеге келді. Ең бірінші Нұрағанға тыңдақтанып, ол кісі де жақсы бағалады. Діттеген жерімізге жеткенде бірден кешкі концертте орындалды.

«Ақ желкен» күйі аяулы ақын апамыз Фариза Оңғарсыноваға арналған. Ол кісінің қолынан талай дәм таттық, мені «Ермұратжан» деп, ерекше жақсы көретін. Астанада Президент мәдениет орталығы болды. Оның басшысы академик Мырзатай Жолдасбеков еді. Онда біз «Алламыз» қойылымын сахнаға шығардық. Музыкасын жазу маған тапсырылды. Сәулебек Асылханов режиссер болды. Сөзін атақты ақын Несіпбек Айтұлы жазды. Премьерасына Фариза Оңғарсынова да келді. Қойылым ойдағыдай өтті. Аяқталған соң Фариза апай: «Ермұратжан, бері кел», – деп шақырып алды. «Өзің білесің, мен анау-мынау нәрсеге көзіме жас ала бермеймін. Бірақ сенің «Алламысында» мен бастан-аяқ жылап отырдым», – деді. Бұдан артық қандай баға керек?! Уақыт өзінікін алып, Фариза апай да дүниеге салды. Бір күні Айгүл Үлкенбаева Фариза Оңғарсынованы еске алу кеші болатынын айтты, ол кісіге арнап шығарма жазып беруімді сұрады. Уақыт сырғып өте берді. Кешке бір жарым ай калғанда Айгүл хабарласып, шығарма жайын сұрады. Мен ол туралы мүлде ұмытып кетіппін. Содан жан-тәніммен кірісіп, түнгі 3-ке қарай аяқтадым. Талықсып, шаршап, көзім ілініп кетті. Көз алдыма теңіз, оның үстінде ақ желкені бар қайық елестеді. Қалт-құлт етіп, тербеліп кетіп бара жатыр. Ішінде бір адам отыр. Кім екенін білмеймін. Бір уақытта көрінбей кетті. Сол кезде оянып кеттім де, «Ақ

алмайсың, бір-бірінен көшіріп жатады, оған тоқтау салып жатқан ешкім жоқ. Кәсіби композитордың жолы басқа. Ол үшін терең білім керек.

Музыка жазғанда адамда түсініксіз сезім пайда болады. Қалай шығып жатқанына менің де ақылым жетпейді. Бір тақырып ойыма келіп қалады, соны дереу қағазға түсіріп қоямын. Кейін қайта қарап, ары қарай дамытамын. Шығарма дүниеге келерде жүрек ерекше тулап, жанына маза бермей кетеді.

«Шәмші-дастан» деген туындым бар. Менің талантты шәкіртім Еркін Нұрымбетовтің консерваторияны бітірер шағында айтқан өтініші бойынша жазылды. Алғашында Шәмшіге арнап бастаған жоқ едім. Келе-келе, Шәмшінің «Сыған серенадасына» түсіп кеткенімді байқамай қалдым. Содан Шәмшінің рухы жебеп тұрған шығар деп бұл шығарма Шәмші Қалдаяқовқа арналды.

– Басылымдардан сын мақалаларыңызды көзіміз шалып қалды. Дәстүрлі өнердің бояуын бұзбай, заман талабына сай әдістерді қолданып үйлесім жасауға бола ма?

– Консерваторияда музыка теориясында оқығанда бізге дұрыс сын жазуды да үйретті. Сын жазсам, оған толық хақым бар деп есептеймін. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Құрманғазының әруағын күңіретпейік», «Інжу-маржандарымызды лайламайық» деген мақалаларымда күйдің үнін бұзып, басқа стильге бұрып жіберетін өңдеушілер жайлы айтылған. Құрманғазы, Тәттімбет, Ықылас, Дина, Қазанғап сынды күйшілердің шығармалары – эталон. Оларды өзгертіп, заманға сай өңдейміз деп тыраштану – бос әуре. Ақтоқты Райымқұлова Мәдениет министрі болып тұрғанда 15 атакты күйшінің атын жазып, оларға тиіспесін, мұны бұлдіруде болмайды деп қаулы шығаруын сұрағанмын. Бірақ бұл ескерусіз қалды. Құрманғазы, Тәттімбеттерге ауыз салып, үнін бұзу – үлкен қателік. Бұл біздің ұлттық құндылығымыз, мұрамыз, інжу-маржанымыз. Біз керісінше сонау замандардан келе жатқан төл сарындары сақтап қалуымыз керек. Келесі ұрпаққа сол күйінде жеткізуге міндеттіміз. Күйді өңдеудің де өзінің жөні бар. Сол жөнінен аттамай, ұлттық бояуды кетірмей өңдесе құба-құп болар еді.

– Соңғы жылдары музыка саласында қандай өзгерістер орын алуда? Қазіргі қазақ оркестрі мен консерваторияда шешімін таппай жүрген қандай мәселелер бар?

– Бірінші оркестрге тоқталайын. Бізде репертуар мәселесіне көңіл бөлінбей келеді. Бұрынғы таптаурын болған ескі үнді қайта-қайта қойып, концерт беріп жүрміз. Баяғыдағы бұрқыратып жазып, өңдейтін композиторлардың көбі өмірден өтіп кетті. Біз 7000 күйіміз, 5000 әніміз бар деп мақтанамыз. Бірақ олар кәсіби түрде оркестрде орындалып жатқан жоқ. Кезінде көркемдік кеңес деген болатын. Композиторлар әр үш ай сайын өз туындыларын сол көркемдік кеңесте талқылап, шығармасы қабылданса, гонорар да алатын. Қазір ондай жоқ. Соңғы уақытта оркестр репертуарында фильм санудің пайда болды. Болмаса атакты әншілердің музыкасын кіргізіп, сол арқылы тыңдарманның көңілін аулады көздейді. Ал бұл фольклорлы халық оркестріне тән дүние емес. Жаңағы айтылған ән мен күйімізді дұрыстап өңдеп, оркестрге түсірсе қандай ғанибет болар еді. Мұның барлығы айналып келгенде қаржы мәселесіне тіреледі-ау деп ойлаймын. Оркестрдің техникалық мәселесі де қиын болып тұр. Әр аспаптың дыбысы тыңдарманға таза естілуі керек. Қазір концерт қойғанда домбыраның үні көмескі тартып, мына жастаң қобыздың

факультетке ауыстырып жіберген. Ал онда қандай мұғалімдер сабақ беруде, халық аспаптарын оркестрге түсіру мәселесін қаншалықты біледі деген мәселе ойландырады. Олар тек авангарттық стильде, эстрадалық әндер немесе тағы сол сияқты бағыттағы шығармалар жазады. Ал біздің домбыра факультетіндегі басшылар бұл мәселені ысырып тастады. Мұны композиторлардың үлесіне беріп, бұдан басы бүтін құтылғанына қуанған сияқты. Бұл мәселені 1-2 жыл бұрын қолға алып, жоспарға кіргізіп, «аспаптану» сабағын жарты жыл жүргіздім. Балалар керемет қызығушылық танытты. Одан кейін 4-курста шығарманы аспапқа түсіруді оқытуымыз керек еді. Өкінішке қарай, биыл бұл жұмыс тоқтап қалды. Студенттер консерваториядағы халық аспаптар факультетінің деканына арыздарын жеткізсе де, мұның бәрі ескерусіз, елеусіз қалды. Енді бұл бастама әрі қарай жалғаса ма, жалғаспай ма белгісіз. Осыдан балалар мамандығына терең бойлай алмай, тек біржақты кетіп бара жатыр. Теориялық сабақтардың қалай жүріп жатқаны да көңіл жабырқатады. 3-4 жыл 2-курсдағы домбырашыларға ансамбль деген сабақтан бердім. Емтихан кезінде сұрақтар береміз. «Жұбанов, Төлебаев деген кім, қанша опера жазылды, тұңғыш оркестр қашан құрылды, құрамында кімдер болды» деген сияқты сұрақтар қоямыз. Бұл жағынан балалар жұмған аузын ашпайды. Олар тек домбырашы жоғары-төмен тартумен ғана шектелген. Керексіз сабақтар саны да көбейіп кеткен. Бұл мәселелердің шешімін таппауы қазақ өнеріне жасалған қиянат қой.

– Композиторлықтан бөлек, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстазсыз. Жас өнерпаздарды тәрбиелеуде нені ескеру керек? Ұстаздық жұмысыңыз жайлы көңірек әңгімелесіңіз.

– Консерваторияны бітіргеннен бері ұстаздықпен айналысып келемін. Алғаш Жезказғанда, кейін Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде, Жұбанов атындағы музыка мектебінде, Астана мен оның маңындағы қалаларда да шәкірт тәрбиелеп, сабақ бердім. Нәтижесі де жақсы. Мысалы, Аружан Есіркеп деген шәкіртім Жұбанов мектебінде алты жыл тәлім алды. Оншақты сайыста лауреат атанды. Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде Серікхан Әбдінұрұвтың класында білімін жетілдірді. Өзінің талантының арқасында фортепиано мен скрипкаға соната жазып, халықаралық сайыста бас жүлдені жеңіп алды. Мемлекеттік емтиханға екі симфониялық шығарма жазды. Комиссия мүшелерінің бәрі риза болап, Қазақстан Композиторлар одағына мүше қылып алды. Қазір Абай атындағы опера және балет театрына арнап музыка жазуда. Тағы бір шәкіртім – Ертай Ниязбек. Ол да Жұбановта алты жыл білім алды. Кейін композитор, профессор Бейбіт Дәлденбаевтың қолына тапсырдым. Қазір Чайковский атындағы музыкалық колледжінде сабақ беріп жүр, магистратурада білімін шыңдауда. Әліби Жанат деген талантты, еңбеккер шәкіртім бар. Оқып жүрген кездің өзінде біраз шығарма жазды. Қазір Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Римский Корсаков атындағы консерваторияның 3-курсында оқып жатыр. Мен композиция сабаған өткенде бүкіл классикалық гармонияны, ары қарай джаз гармония, авангарттық стильді де меңгертуге көңіл бөлемін. Соның арқасында шәкірттерге жан-жақты білім алып шықты. Олардың болашағы жарқын болатынына сенемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан –
Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

А – Ермұрат аға, жақында Париж төрінде Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы аталып өтті. Айтулы шараға өзіңіз де қатысып қайттыңыз. Ұлы композитордың мерейтойы қандай әсер қалдырды?

– Атақты Париж қаласына бірінші рет баруым. Әлемге даңқы жайылған танымал жерлерді көріп, таң-тамаша болдық. Қаншама ғасыр бұрын салынған ғимараттардың әлі күнге сол қалпында сақталғанына қайран қаласың. Архитектурасы көздің жауын алады. Халқы өте қарапайым. Құшақ жая қарсы алды. 24 қыркүйек күні қаладағы ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Нұрғиса Тілендиевтің мерейтойы жоғары деңгейде аталып өтті. Кеште ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, делегация өкілдері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері бой көрсетті. Сондай-ақ «Отырар сазының» ардагерлері – Дүйсебай Шаштайұлы, Жалғасбек Бегендіков үшеуіміз де арнайы шақырылып, айтулы шараның куәсі болдық. Көрермен дық толы залда «Отырар сазының» қазіргі көркемдік жетекшісі әрі дирижері Дінзұхра Нұрғисақызының басшылығымен оркестр ұлы композитордың қайталанбас туындыларын орындап, Париж шаһарын әуезді әуен ырғағына бөледі. Кештен керемет әсер алып қайттық.

– Нұрғиса Тілендиевпен талай жыл бірге жұмыс істеп, тәліміне қанығып өстіңіз. Көңіл төріңізде сақталған естеліктеріңізбен бөліссеніз.

– Нұрғиса Тілендиев – ерекше жаратылған жан. Құрманғазы, Тәттімбет, Дулеткерей, Дина, Ықылас, Ақан сері, Біржан сал сынды тұлғалардың дәстүрін жалғастырған бірден-бір композитор. Сол себептен шығармалары халық күйлерімен, әндерімен біте қайнасып, халық жүрегінен орын алып, рухани азығына айналған. Нұрағанмен «Отырар сазын» ансамбль ретінде құрғаннан бастап бірге жұмыс істедім. Кейін оны үлкен оркестрге айналдырды. Тәлім-тәрбиесін бойымызға сіңіріп өстік. Мінезі турашыл, еңбеккер жан еді. Жұмысты тыңғылықты істейтін, әр шығарманы жеріне жеткізе жазатын. Бүге-шүгесіне дейін қарап, әбден пісіріп барып сахнаға шығаратын.

Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда жеті жыл домбыра сыныбын оқып, бітірдім. Одан кейін төрт жыл музыка теориясын тәмамдадым. 1979 жылы тұңғыш рет домбыра мен фортепианоға шығарма жазып, жабық конкурста бас бәйгені иелендім. Осыдан кейін Нұрғиса Тілендиев «Отырар сазына» шақырып, домбыра кәсіпкерлерінің концертмейстері, бас домбырашы ретінде жұмысқа алды. Оркестрдің атмосферасы, тәртібі ерекше болды. Ол кісі жұмысқа бар ынта-шынтасымен, жан-тәнімен кірісетін. Алдында отырған 60-70 адамның қолындағы әр аспаптың дыбысын есті білетін. Кімнің құлақ күйі келмей тұрғанын бірден сезіп, түзетіп отыратын. Әуенді оркестрге лайықтап өңдеуі, әр аспаптың үні мен рөлін дәл таба білуі шығарманың көркемдігін тіптен құлпытшып жіберетін. Бұл – өте терең, жан-жақты білімді талап ететін күрделі іс. Тілендиевтің сол кезде түсірген музыкасы бізге әлі күнге дейін керемет үлгі. Ол кісі мені оркестрге арнап шығарма

жазуға бейімдеді. Шетелге жиі жол тартатынбыз. Мәдениет министрлігі арнайы тапсырма беретін. Нұраған мені шақырып алып: «Баратын өзін, сенің білімің бар, іске кіріс» деп сол міндетті маған жүктейтін. Ешқашан мақтау-мадақ айтпайтын. Тек екі жағдай ерекше есімде қалыпты. Тұңғыш туындым сазсырнайға арналып жазылған – «Көңілді арбақеш». Бұл шығарма еңбек жолымды бастаған Жезказған жерінде алғаш рет орындалды. Сол кезде Нұрғиса Тілендиев сахнаға өзі шығып, батасын берген. Онда да мені мақтау үшін емес, халыққа қарата, өнерді түсінсін деп айтқаны еді. Кейін бұл шығарма оркестрдің репертуарынан түспей, барлық концертте Нұрғиса Тілендиевтің басқаруымен орындалып жүрді. Екінші жағдай 1986 жылғы көтеріліске қатысты. Бұл қырғынды көзімізбен көріп, сол дүрмектің ішінде болдық. Осы жылдың желтоқсан айында қаралы оқиғаға арналған шығармалды бастап, қантардың аяғында бітірдім. Нұрғиса Тілендиев шығарманы ұнатып, керемет интерпретация жасап, сахнаға шығарды. Бірақ мұның Желтоқсан оқиғасына арналып жазылғанын жасыру керегін түсіндірді. «Басына қатер төнеді. Атын жасырып әзірге «Арнау» деп жариялайық. Заман өзгерер. Шындық айтылатын кез келеді», – деп менің амандығымды ойлады.

Нұрғиса Тілендиевтің тағы бір қасиеті музыка жазғанда оны фортепианоға барып тексеріп көрмейтін. Кәдімгі баяндама жазғандай ойша тербейтін. Мені үйіне шақырып алады. Жазып отырып, ара-арасында рояльға барып, тексеріп қоямын. Бір, екі, үш рет барамын. Сол кезде Нұраған: «Сен консерваторияны бір емес, екі рет бітірдің. Неменеге фортепианоға жүгіре бересің? Ойыммен толғай бер», – дегеннен кейін мен де рояльсыз жазатын болдым. Бұл әдет әлі күнге дейін өзгерген жоқ.

– Ермұрат аға, сәл кейінге, балалық шаққа шегініп көрейік. Бұл кезең адамның болашақ өміріне бағдар болып, таңдауларына көп әсер етеді. Сіздің балалық дәуіріңіз қалай өтті? Консерваторияда оқыған жылдарыңыз жайлы да баяндап берсеңіз.

– Менің туған жерім – Алматы облысындағы атақты Қарқара жайлауы. Одан бөлек Көлсай, Шарын шатқалы, ар жағында атақты Мұқағалидың ауылы Қарасаз, Шалкөде, аспанмен таласқан Хантәңірі етегінде балалық шағым өтті. Ата-анам мал шаруашылығымен айналысты. Қыс қыстауда, жаз жайлауда жүріп күнелтті. Онда қазіргі асфальт деген жоқ, бәрі қара жол. Көлік те анда-санда жүреді, ары-бері атарбамен қатынайтынбыз. Әкемнің інісі Сапан деген ағамыз арбамен жайлаудан сүт таситын. Қайтарда ағаның арбасына отырып алам, ол кісі өлеңдетіп тұрып, ауылға қарай жол тартатын. Сол кездегі көңіл-күйі, табиғаттың әсем көрінісі, қара жол, шұңдатып, жүйіткіп бара жатқан арба, сайрап ән салған құстардың үні, балалық шақтың тәтті кездері «Көңілді арбақеш» шығармасының тууына себеп болды. Консерваторияда дайындық курсына оқып жүргенімде дыбысы керемет рояль болатын. Соған отырып, ойнай бастағанымда, бала кезімдегі көріністер санамда жаңғырып сала берді. Осылайша жаңа туынды өмірге келді.



ЖЫР-ҒҰМЫР

Шын ақын да, оның өлеңі де бастау суындай мөлдір болады. Ақ, адал ниетіңмен оқи алсаң, жаның тазарады, ойың оңалады, рухың оянады, сергисің, серпілесің. Ондай өлең де, ақын да өміршен. Жалт етіп шығып, жалт етіп сөнбейді. Тарих сахнасында тік тұрады. Қоғам қанша жерден жаңарып, ұрпақ алмасып жатса да, тұғырынан түспейді. Ол ақын кім дейсіз ғой?

Мұқағали Мақатаевтың 1968 жылы шыққан «Қарлығашым, келдің бе?» деген жыр жинағының сыртында, жаңылмасам, қанаттасып қатар ұшып келе жатқан қос қарлығаштың суреті бар еді. «Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың?... Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармысың?» деген екі жол ойға оралады. Адамдар да қос қарлығаш секілді қанаттасып жүреді. Хантаңірі баурайынан «Зияны жоқ зиялым...» (Мұқағали) деген қос қарлығаштай қос ақын қанаттасып шығып еді. Оның бірі – Мұқағали болса, екіншісі –



Еркін елдің Еркіні

«Жазуға да қақым жоқ жыр жасығын, Зар илеген заманның мұңдасымын. Шекпен күйі, шен тағып жүрмесем де, Тұманбай мен Қадырдың құрдасымын!» – деп таудай биіктігін танытқан Еркін Ібітанов. Алары кетсе де, құт қонысынан кіндік үзбей, туған жерден сәл күнге ұзап кетіп, қайта оралғанда:

«Талай жерді аралап көз көрмеген, Мен оралдым, мінеки, атамекен. Жылдар өтіп көп нәрсе өзгергенмен, Ол өзгермей кеудеде жатады екен.

Көз алдымнан әсте бір кетпей келген, Неткен әсем, сұлу ең, өскен ауыл. Неткен әсем ақ тұман, беткейлермен, Өрге қарай жылыстап көшкен ауыр.

«Айқаптастың» ең биік ұшарына, Үлбіреген ақиша бұлт қонақтапты. Алғаннан соң самал жел құшағына, Сол биікке қиялым қанат қақты.

Арасында жарық жерат шаптырым, Шалкөдеде қос өзен иредеген... Сендей өлке, қай жерден таппақшымын, Кең кеудесін күмбірлеп күй кернеген», – дейді ақын. Еңсенді биіктетіп, ескектей ескен самал желі санаңды сәулелендіріп жіберетін ақын таулар әлеміне келгенде де жүйріктей жүйткіді. Оқып көрелік:

«Таулар! Таулар, азық қып гүл шырынын, Сенде өтті күнім, түнім – тіршілігім. Сенен аққан өзеннің толқынымен, Сенде өскен шетеннің бүршігімін...» – деп жаны мен тәні туған жердің алтын қазығына байланғанын жеткізеді. Иә, барлық ақын туған жерін күйіп-жанып жыр жолына түсіреді, ой мен сөзі жеткенше ақ қағазға балапан құстай қондырады. Уақыт тапса, ат ізін салып тұрады. Еркіннің олардан ерекшелігі – туған жерден қол үзбей, табиғатын көз алдынан кетірмей, ағайын-бауырман қолтықтасып жүріп:

«Тәубе! Тәубе!.. Ел-жұртыммен қатармын, Ортақ маған табысар таң, батар күн. Жаңа ғасыр өткеліне жеткізді, Арнап берген ақ батасы атамның», – деп күн кешу болды. Осы байламынан табандап тұрып танбады. Мәңгілік мекені де кіндік қаны тамған жерден бұйырды. Мен Еркін Ібітановты 1971 жылы Жамбыл жыраудың 125 жылдығына арналған әдеби кеште көрдім. Кеш ҚазМУ-дың үлкен залында өтті. Ұлтымыздың айтулылары дерлік қатысып отырды. Жиын тізгінін қолға алған ғалым-ұстазымыз Зейнолла Қабдолов жыраудың болмысын тереңнен қозғап, жырмен кестелесек дегендерге алма-кезек сөз берді. Бурадай бұлқынып Әбділда Тәжібаев сөйлегенде, зал іші дүр ете түсті. Жамбылдың қол артқан киесі – қызыл жолбарыс екенін алға тартып, жырау қал үстінде жатқанда жақсы болып кетесіз деп көңілін аулағанда: «Жоқ,

мен енді оңала қоймаспын, қиналғанда Сарыбайдан қалған қызыл жолбарыс қасымнан табылушы еді, жаңа кешкісін қанша шақырсам да, қарамай батысқа бет алып кетті, әзірленіңдер», – дегенін еске түсіріп, ақынның дегені болғанын, кейін бұл жайды мәскеулік сыншы досы Виктор Шкловскийге айтып, партиядан басқа құдірет жоқ деп даурыққандардың, «тигрі» несі деп тыжырыңғандардың кейін ашып, әр адамның өзіне тән қасиетті иесі, феномені болатынын жеткізіп еді. Сөз бен жырды Нұрғиса Тілендиев күймен көмкеріп отырды.

Өлең оқу кезегі Мұқағали Мақатаевқа келгенде ол мінберге шығып, «Алатау, ассалаумағалейкүм!» деген тоғыз жол өлеңді оқып, сахнадан түсуге ыңғайланғанда, иін тіресіп отырған үлкен-кіші қол соғып, тағы да оқы деген ілтипат танытты. Тұлғасы биік ақын: «Болды, сендер қалағанмен, мыналар...» – деп төрде отырғандарға көз қиығын тастап: «Елден келген Еркін Ібітановқа тисін кезек!» – деді. Профессор Зейнолла Қабдолов: «Еркін де талантты ақын. Кезінде «Қойшылар» деген поэмасы топ жарған. Қазақтың сөз ұстағандары қуана қолдаған. Әсіресе Әбіш Кекілбаевты айтам, қатты қуанған, қолдаған. Ол кезде қазір танылған таланттардың көбі белгісіздеу еді. Ал қане, Хантаңіріден келген Еркінге сөз берелік!» – деді.

Еркін ақын нық тұрып, «Ұлыма» деген өлеңін оқыды.

«Ұлым, ұлым! Немді аяйын мен сенен, Мен риза саған бола сөнсе дем. Саған бола ауырлықты атқарып, Саған бола қиындықты еңсерем. Өзің үшін жсауап берем сондықтан, Бақытыңның салмағымен өлшемем. Өзіңді алғаш ұстатқанда әкеліп, Ұялаңмын жібергендей қателік. Кешір, ұлым, онда біздер бейтаныс, Бұрын-соңды кездеспеген жат едік. Бірте-бірте бауыр бастық, дос болдық,

Сен іңгәлап, мен өзіңді көтеріп. Қызық кәсіп, жақсы кәсіп – әкелік...», – деп өлең соңын «Кетпе ұмытып, есіңе алмен» аяқтады. Мұқағали орын берген, Зейнолла ағамыз ерекше ілтипат танытқан ақынға жиналған жұрт ерекше құрметпен қол соқты.

Сексенінші жылдың басынан «Жалын» баспасына редакторлық қызметке тұрғам. Алдағы жылы шығатын кітаптардың тізімін түзгенде, «Жалын» журналының бас редакторы Тұманбай аға Молдағалиев Еркін Ібітановтың өлең кітабын, қолжазбасы әне-міне болады деп жоспарға қостырады. Бірақ қолжазба қолға тие қоймайды. Тұмағаның шырпыры шығады. Телефон шалады. Қолжазбаны жіберем деген уәдесін алады. Уәде орындалмайды. Жыл жаңарады. Жаңа жоспар қарала бастағанда, бас редакторымыз Бексұлтан Нұржекеевке Тұмаған тағы қолқа салып, жоспарға енгізеді. Бір жылы Бексұлтан ағамыз: «Тұмаға, жоғары жақ менің желкемнен қысып жатыр, қолжазба қолда жоқ болса,

биыл тұра тұрсақ кайтеді», – деп қалды. Сонда қалбақтаған Тұмаған: «Бексұлтан-ау, тұңғыш баласының атын мен қойып едім. Менің атыма ұқсас еді. Соған тапсырамын, Алтынгүлге айтамын», – дегені есте. Былай шыға беріп ақын аға көзәйнегін қолына алып, бір жапырақ қағаздағы Еркіннің «Тас тұлға» деген өлеңін мәнерімен оқып, «Өлгеннен кейін өмірден өлмес сый апты, Жетімдері мен жесірлерінің көз жасы, Сұп-сұр тас болып кашалып қалған сияқты. Гүлдерге бөлеп, айқындап басқан әр ізді, Қанменен өтеп, ардақтап ақ сүт парызды, Апайтөстерін апатқа тосқан боздақтар, Тас-түйін тұрып тіріліп кетер тәрізді» деген жолдарға салмақ салып: «Байқайсың ба, бұл Еркін шөп те өлең, шөңге де өлеңге бармайды. Жылда бір өлең жазса, қайың шегедей шымыр етіп жазды. Оған атақ, ақша емес, абырой, бедел биік. Соны мен аңғара бермеймін-ау осы», – дейді.

Еркін ақынның «Жалын» баспасынан кітабы шықпады. «Жазушы» баспасынан 1983 жылы шап-шағын «Арман – әлем» жинағы жарық көргенде Тұмаған балаша қуанып,

«Осынау біздің есіл жер, Неліктен сонша құнарлы. Өйткені оны жесірлер, Көз жасымен суарды. Өйткені ыстық қан мен тер, Қара жерге төгілді...» деген жолдарға сүйсініп: «Аз жазады, бірақ саз жазады деген осы емес пе?» – деп еді құрдасына құрмет көрсетіп. Осы арада Еркін ақынның 2003 жылы жарыққа шыққан «Елшенбүйрек» деген әдемі кітабына жазған алғысөзінде Тұмаған: «Жылдардың тез өтетінін қарашы. Біз жасайтын жылдар азайды. Бейқамдық беріп жатыр сазайды. Анда-санда сені, сенің тағдырыңды есіме аламын. Анадан ақын болып туған бала едің. Бүкіл қазағыңа жақын бола алдың ба, жоқ па? Бәрі өзіне белгілі. Өзің ойлағандай, сенің ақындығыңның күш-қуаты менің ақындығымның күш-қуатынан артық болмаса, кем емес. Егер екпіндеп қиялыма ерік берсем, тең де шығармыз деп ойлаймын», – деген тұтастардың кішілігі мен кісілігіне бас иесін. Ол кездің ақындары бір-біріне осылай құрметпен қарайтын.

Тұмаға мен Ерекен жарасымды жандар еді. «Мұқағали ағамыз туралы жазған үлкен поэма «Хантаңірім, қайдасыңмен» шын жүректен құттықтаймын. Сол поэмаң арқылы сен асыл Мұқаға биік ескерткіш орнаттың. Ақындығың да қатты өскен екен. Жарайсың!» – десе Тұмаш аға, Еркін аға «Тұманбайға хат» деген толғанысында арғы-бергі кезеңдерді тарата айтып, денсаулығы сыр бергенін білдіріп: «Қатер бұлты төбеке түйілуде, Көңілдегі көк кептер ұшып кетті, Бір дерт бар... Қадалып тұр бүйіріме...Қысқасы, қолың тисе бір келіп кет!...(Сен мұны «әңгіменің түйіні» де) ...Шен таққан шекпеніңді шешіп тастап, Баяғы Тұмашым боп кір үйіме! Кір үйіме», – депті. Құрдастың құрдасқа назы деген осы шығар?! Біздерге осы үлгі болса, қане?!

Биыл екі ақын да тоқсанның биігіне шығып отыр. Мұқағали ағасы төрт жас үлкен болатын. Үшеуі де Алатаудың үш шыңындай жыл өткен сайын ап-анық болып көрініп келеді.

Еркін Ібітановтың «Хантаңірі, қайдасың?» деген кітабының қолжазбасы 1989 жылы «Жалын» баспасына келіп түсті. Редакторы белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаев еді. Қолжазбаны редактормен қатар біз де жарыса оқыдық. Ақын да жиі келіп жүрді. «Түркісіб» шипажайында демалып жатыр екен. Сол жолы ағамен он күндей еркін араласып, өмір жолына аттады, Мансап сұрап, сөзін бұлдап сатпады. Озырлықты осып түсіп, ойран сап, Қиянатпен қылыштасып жатқаны. Ақын болу – сезімге сын, ойға сын, Жыр өртіңде қаның, миың қайнасын, Мансап, байлық құрбандыққа жайрасын, Ақын жолы – шыңға тартар қия жол, Қия жолда табаны тек таймасын. Ақын жолын баяндайын халқына, Хантаңірі, қайдасың?» – деп поэманың әр бөліміндегі айтарын алға тартып еді.

Редакторы Есенбай ақын әр күні қолжазба туралы ойын ортаға салып, ризалығын білдіріп жүрді. «Мен Еркіннің өлеңдеріне көп қанық емес едім. Кітабы қолға түсе бермейтін. Кезінде газеттен «Қойшылары» оқыдық. Ол кезде елде едім. «Жолығысар келсе егер кездерің дөп, Бір ғажайып сыр айтам сезгенім деп. Қойда, қойда рақат, бақыт деген, Нанбасандар, бағыңдар өздерің кеп» деген соңғы түйін жадымда жатталып қалған. Мына поэмадан кейін Ерекенді ерекше құрметтеуге көштім. Әбіш Кекілбаевтай қара сөздің хас шебері ол туралы тебірене айтқаны мәлім. Соны тағы бір шолып, ақиқатқа көз жеткіздім. Кең пішілген Әбекең бір кездері Еркін ақынның алымды қадамына сүйсініп: «Сөз қандай, әр теңеу кісіні есегіреткендей. Сөзінде жатқан мән қандай, қараптан-қарап босқа мәңгірт болып жүргеніңе қорынасың. Пай-пай, неткен пайым, неткен уайым!... Айтқанының бәрі дұрыс!» – деп тамсаныпты. Расында, әр сөзі құйма алтындай құйылып тұр. Әбекең арыдан болжайтын адам ғой.

«Бұл өзі әлде шындық, әлде өтірік, Атамыз әлде мұңғыл, әлде түрік? Ақиқатын айтатын адамдарды, Жіберген уақыт өзі көрсе тығып», – деп келетін төрт жол өлеңнің түп-тамырына үнілсе керек. Қазақ, айғаймен кете бермей тегінді біл, рухынды оят деген идеяның жатқанын зерек жан ғана ұққан-ау, шамасы.

Ауылда жатқан ақынның ойынан мұндай ұғымның атойлауы, саналыға ғана тән қасиет болса керек. Содан да шығар, Әбіш Кекілбайұлының елде жүрген Еркін ақынға өзі ғана ілтипат танытып қоймай, өзгелер де ойлансын деп: «Ақын ауылда тұрады деп мұрындарыңды шүйірмендер, Еркін – қазақтың Еркіні!» – деуін көрегендік демей көрініз. Мен Мұқағали туралы поэманы бір емес, бірнеше рет оқыдым.

«Арманы алып қаиқан тұлпар еді, Тұлпары ажал – жарға сүрініп тұр. Тірелген жер – шындықтың шыңырауы, Шыңырауға телміріп, үңіліп тұр.... Сүйек, буын қозғалса сықырлайды, Қиыңа дір етпеген қыран жүрек. Торғайдай қолға түскен тыпырлайды», – деп Мұқағалидың соңғы тілегін былайша жеткізеді: *«Бұл саған соңғы тілек болмақ, інім.*

Құлағыңды түріп жүр телефонға, Хабарын күт, Хабарын Алматының!.. Мен сонымен айымды батырамын, Қапыдамын, қайтейін қапыдамын. Айтпақшы, орамалға түйіп әкел, Бір уыс Қарасаздың топырағын!», – деген ақын өтінішін қалтқысыз орындайды. Поэманың соңғы түйіні: *«Терең жерде тек жатпайды кемеңгер, Жер бетіне шапағатын себем дер. Хантаңірі иығында жұлдыздар, Жұлдыздары – Мәлтілдеген өлеңдер».*

Бұл екі ақынның да ұлтымен бірге жасар жыр жолдары деп білемін», – деп редактор Есаған сүйсініп еді. Есаған өз дегенімен жүретін кісі еді. Онайға иліге бермейтін. Көңілінен шықпаса көнбейтін, емендей қатып қалатын. Еркін жинағына келгенде

жадырады, ішкі сырын әр күні жайып салып жүрді. Бұл ақынды ақынның бағалауы болар.

Хантаңірінің бір шыңындай ақын жайлы кітап жарыққа шыққанда, бәріміз бір-бір данасына ие болып, күні бүгінге дейін көз салып келеміз. Бұл Еркін ақынның талантына тәнті болғандықтан шығар?!

«Жалыннан» балаларға арналған «Балауса» баспасы енші алып шықты. Жаңа баспаға бөлім редакторы болып ауыстым. Бас редактор болып Қадыр Мырза Әлі келді. Ол кісінің ақындығы да, ақыл кені де керемет еді. Бір жолы өзінің құрдастары туралы ой қозғап отырып Еркін Ібітановқа ойысқанда: «Оның жұлдызы бізден ерте жанды. «Қойшылар» поэмасымен топ жарды. Заманның беделді басылымы «Социалистік Қазақстанда» жарық көрді. Ондай бақыт ол кезде үлкендерге болмаса, жастарға бұйыра бермейтін. Бірден айтайын, өзгелер қара сөзбен очерк, репортаж жазса, Еркін өлеңмен очерк-дастан, репортаж толғайтын. Бұл ақынның қарымын, талантын танытар кереметтің кереметі деп білемін. Ақиқатында, ол тұтастарын былай қойып, алдыңғы толқын ағалардың ілтипатына бөленді. Орысшаға да бізден бұрын аударылды. Тұманбай екеумізден Еркіннің айырмашылығы – Аспантаулар елінде еркін өмір сүріп жүр. Қулық, сұмдықтан ада, қарапайым қазақтың сапында келеді. Ол кіндік қаны тамған жерге адалдық танытқан бірден-бір ақын ғой. Егер Алматыға келсе, баладай пәк көңілінен бағымды жандырам, атағымды шығарам деп ол қасиетінен адасып қалар ма еді, қайтер еді? Мұқағали ағасының:

«Қасқа бұлақ, қасыңнан неге кеттім?!»

Не деген жел айдаған көбелектің. Еркіндік, еркелікті місе тұтпай, Тасқа әкеп өзімді-өзім иегелептін», – деген өлең жолдары оны қалаға беттетпеді ме екен? Шынында, Нарынқолға жолымыз түскенде еркін жүрген Еркіннің еліне қадірлі екенін көріп, еркелігін көтерген жұртына іштей сүйсініп, қаймағы бұзылмаған қазақы қалыпқа қызығып қайтушы едік. Еркін құрдадс қалаға келсе Нарынқолға қайтуға асығатын.

«Қалай тыныстарың тарылмайды, ауа жетпей тұр маған», – деп Алатауға қарай беруші еді», – деп құрдасы туралы ағынан жарылып еді.

«Менің орным етекте емес, төрде деп,

Ақ маңдайын самал сипап, жел жебеп. Өршеленген өр мінезді өлеңдер, Мұнар тауға бара жатыр өрмелеп», – депті Мұқағали туралы классикалық поэмасында. Енді осы бір өлең жолдарын ұлы Мұқанның Қарасаздан қанаттасып қатар шыққан тетелес інісі Еркін Ібітановтың өзіне қаратып айтсақ, жараса түсері ақиқат.

Сүлеймен МӘМЕТ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы облысының Құрметті азаматы

Әр адам – өзінше сырсандық, ашылмаған, зерттелмеген қазына. Күнделікті өмірде көзге ілінсе де, аса мән бере қоймайтын дүниелерді басқа қырынан көріп, тапқырлығымен дүйім жұртты таңғалдыратын суреткерлігі, текті бидің баласындай тік сөйлейтін мінезі, аузы дуалы шешендік өнері болса, ондай адамның сырсандығында құнды қазына жатқандығы анық. Міне, осындай рухани қазынаға бай, туған жердің тарихын түгендеп, дәстүрін дәуірлетіп, дала данышпандарының даналық мәйегін меңгеріп, көкірегіне түйіп, ел ермені үшін талмай еңбек етіп жүрген, екі дәуірдің куәгері – Күмісжан БАЙЖАН.

2000 жылдардың басында Талдықорған қаласына Алматы облысының орталығы статусы берілгеннен кейін елімізге танымал тұлғалар атбасын бұра бастады. Әдеби шаралар өтіп, ақын-жазушылармен етене араласа бастадық. Ақпарат саласында жүрген біздер үшін республикалық телеарна, газеттерде еңбек етіп жүрген әріптестеріміздің орны қашанда бөлек. Сол жылдары Алматы облысы бойынша «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі қызметіне Ұзынағаштан Күмісжан Байжан келді деп естідік. Облыстың қайнап жатқан тірлігіне қызу араласып жүрген кез, көп ұзамай бір шарада Күмісжан әпкеммен кездестім. Алғаш көрген сәтте Әбділда Тәжібаевтың:

Қайнаған қара құйын
бұлт боламын,
Бойымда ойнайды ұйытқып
от борымы! –
деген өлең жолдары ойға оралды. Бір нәрсеге көңілі толмай тұрды ма, біреуден көңілі қалды ма, әйтеуір сол сәтте қара бұлт та, құйын да келіп қалғандай болды. Сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жіберетіндей сұсты болып көрінді. Солай болып көрінгенімен адамға деген ақкөңіл, аңқылдақ пейілден бір сәт те ауытқып кетпейтінін кейін білдік. Бірде жанартау болып жарылып, мұхит болып тасқындалғандай болса, келесі бір сәтте қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай жайбарақат күйге түсіп, балаша қуанатынына сан мәрте куә болдық. Әр адамның болмысы, дүниетанымы, әдеби мен әдеті, бір сөзбен айтқанда, азамат болып қалыптасуы бір күндік іс емес, оның тамыры тым әріден тартылатыны белгілі. Әр адамның сырсандығындағы қазынасы да бір күнде пайда болмайды. Мұқнағали ақын:

Қазынам бар.
Қисапсыз шектеледі,
Қызғанады біреулер, жек көреді.
Бермеймін де,
сатпаймын, көрсетпеймін!
Алам десен,
Алдымен зертте мені... – дейді. Олай болса Күмісжан әпкемнің сырсандығында не бар екен, зерттеп көрейік деп өмір жолына үңіліп едік, көп жайлардың куәсі болдық. Ең бірінші байқағаным, тағдыр деген өзіңнің күрескерлігіңнен, істеген ісіңнен, әрекетіңнен, жақсы не жаман амалдарыңнан жасалатынын бала күнінен дәлдеп келеді екен. Екі жасында әкесі Құдайберген, көп ұзамай анасы Рысбала өмірден озып, Үңгіртас ауылындағы мектеп-интернатта оқиды. Әке-шешесінен ерте айырылып жетімдіктің шері

ЖАН ЖЫЛУЫ – ХАЛЫҚҚА,



ЖҮРЕК НҰРЫ – ҚАЛАМҒА!

тағдырына таңылса да қиындықтар арманына құрық, мақсатына кісен сала алмады. «Жетім бала иесіз, өзі кесер кіндігін» деп Шәкәрім қажы айтқандай, оның бойындағы өзіне деген сенімділік сол жетімдіктің шыңдаған, шынықтырған қасиеттері болса керек. Ал талабы жанбағанын тағдырдан көріп, дәрменсіздік көрсетіп жүргендер қаншама? Әрбір адамның туған топырағы оның таным-түйсігінің ұшталуына, талантының ұшқындауына әсер етеді. Күмісжанның бойындағы мөлдірлік – тұнық таза бастау бұлақтардан, нәзіктік пен талғампаздық – көктем шыға тау бөктерінде құлпыратын алуан түрлі гүлдерден, тектілігі – сонау шың басындағы шаңқылдаған қырынан дарығандай. Ақындар мен батырлар елі аталатын өңірде дүниеге келген ол бала күнінен таудан аққан бұлақтай шөліңді қандыратын таза поэзиялық туындыларға құлақ түріп өсті. Махамбет, Абайларды оқып, Жамбыл Жабаев, Өмірзақ Қарғабаев, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев сынды Жетісу жезкөмейлерінің жырын жатқа білді. Ауыз әдебиетіне толық сусындап, қауырсынын қатайтты. Сол бабалардан қалған тектілік оның қаламынан төгіліп жатқан сөздерінен аңғарылып тұрады. Бала күнінен еңбек елегінде екшеліп, шаруа адамының сансыз қыр-сырын зерттеп, қайрауы жетілген семсердей шыңдалған Күмісжан Құдайбергенқызы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдап, еңбек жолын аудандық газеттен бастайды. Өмірінің сол бір белесі жайында: «Менің журналистік жолым 1972 жылы басталды. Осы жылы тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатындағы бағдарлама жалғасын тауып, ақ шағылды, боз жусанды мен далада Күрті ауданы құрылып, білімді жастар арнайы жолдамамен Ақшиге ағылды. Бұл өңірдің қысы қатал, сақылдаған сары аяз. Қолымыз жазуға келмейді. Бас редактор өзінің тәжірибесі молдығын көрсетіп, әп сәтте төрт бетті жоспарлап үлгерді», – дейді. Осылайша кейіпкеріміздің еңбек жолы басталды. Бас редактор Байболсын аға мен оның орынбасары Ерікбай Құлмағанбетов жас тілшінің талантының ұшталуына, талғамының таразылануына, рухани өсуіне себепші болды. Аудандық газетті

шағын басылым деп мұрнын шүйіре қарайтындар баршылық. Бірақ аптасына үш рет жарық көретін газеттің жұмысы қаншалықты ауыр екенін тіршілігі көбіне қарадүрсін ағыстардан тұратынын журналистер қауымы жақсы біледі. «Газеттің қара қазанында қайнап өскен» деген теңеу Күмісжан әпкеме қаратып айтылғандай. Қалам ұстағандардың барлығы алдымен өзі өмір сүрген дәуірдің суретшісі. Біздің кейіпкеріміз де сол кездегі өндірісті, биліктің алға қойған мақсатын, орындалған жоспарды, қыр адамының қыруар шаруасын жазды. Ешкімге ұқсамайтын, терең де тағылымды, мәнді де мағыналы, ойлы да орамды мақалаларын талғампаз оқырман асыға күтіп, іздеп жүріп оқыды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда экономикалық қиыншылық, қаржы тапшылығы тығырыққа тіреп тұрған тұста Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Кейінірек газеттің атауын «Атамекен» деп өзгертті. Ағыны қатты, аударысы көп сол бір өтпелі кезеңде де тағдыр деген өзіңнің күрескерлігіне, іскерлігіне байланысты екенін тағы бір мәрте байқатты. «Нарықтық қатынас орныққан соңғы жылдары бас сарапшы ғана емес, әр теңгені есептейтін есепші болумен бірге шаруашылық жұмыстарын да атқаруға, газеттің мақетінен бастап корректорлығына дейін белсене кірісуге тура келді. Қиындықтар кездесті. Аңғарғаным, журналистердің бір-біріне деген достық пейілі мен кәсібіне деген адалдығы қандай кедергіні де женеді екен. Болмашы айлыққа жұмыс істесе де қызметін тастағандар кездеспеді», – деп басынан өткен қиындықтарды, әріптестерінің журналистикаға деген адалдығын еске алады.

Өткен күннің естелігін тілі теңге деп шыққан нарық заманының жастарына айтсаң, аңыздай, естісе, ертегідей естілетіні анық. Осындай қиын кезең бірқатар ақын, жазушыларды қанаттандырып, мықты журналистерді тәрбиелеп шығарды. Олар – Есенқұл Жақыпбеков, Әлімжан Дәуітов, Базарбек Атшабаров, Манарбек Избасар, Нүсіпбай Әбдірахым, Рәтбек Терлікбаев сияқты сөз сайыпқырандары.

«Күмісжанның шығармашылығы, ішкі әлеуетінің кеңінен ашылып,

республика оқырмандарына таңғы нұрдай танылған уақыты «Егемен Қазақстанда» еңбек еткен кезі деп білемін. Облыс орталығында бірге қызмет жасадық. Сол жылдары Күмісжанның бойынан ер адамға тән, айтқанынан қайтпайтын, дегенін болғызатын қайсарлықты байқадым. Қазақтың тұрмысына, болмысына қайшы келетін дүниелердің барлығын қазып тұрып, ойып тұрып жазды. Ерекше бір қасиеті – ол кісі қашанда жеңілгендер жағында жүреді. Құқығы тапталған, еңбегі қаналған, еңсесі түскен, ақиқат таба алмаған, шындық іздеп шырылдаған, төмендегілер сөзін тыңдамай, жоғарыға қолы жетпей жүрген адамдар үшін ақиқаттың жолында алдаспанын жарқыратып алғы топқа шыға келетін. Міне, сонысымен бізге , осындағы көптеген қыздарға үлгі болды», – дейді белгілі журналист, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әміре Өріп.

Шындығында «Бар адам менің бауырым, жақсылық жасау – парызым» деген бір сөз оның қате бастырмас қағидасы болды. Жандүниесінің жылуы мен жүрегінің жұмсақтығы, бойындағы мейірім мен қайырымы, адамға сенгіш көңілі күнделікті күйбен тірліктен биік тұратынын сан мәрте байқадық, сезіндік. Алысты алаламайтын, жақынын жараламайтын ерекше қасиеті жайында әріптестері айтып та, жазып та жүрді. Солардың бірі – көп жылдар Қаратал аудандық газетін басқарған Қазақстанның Құрметті журналисі Мәкен Өсербаева: «Қаратал аудандық газетінің бас редакторы болып жүрген менің қуаныш пен ренішіме ортақтасып, өзіме қосылып, бозторғайдай шырылдағанын байқағанда, туғаннан артық екенін сезіп, «Басқа әлемсің ғой» деп ойлағаным бар. Мына қаталданып бара жатқан заман болашақта Күмісжандай жанашыр жандарға зәру болар-ау», – деп жазыпты.

Міне осындай азаматтық толысу, журналистік, қайраткерлік қалыптасу, кемелдену жолынан өткен Күмісжан Құдайбергенқызы 2006 жылы «Егемен Қазақстанға» қызметке келді. Алғашқы жұмыс күні сол кездегі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің қабылдауымен басталғаны жайында: «Алматы облысы – еліміздің қасиетті аймағы. Оның үстіне жер жанның Жетісу деген даңқы тағы бар. Демек,

жақсылығы мен кемшілігін бірдей көрсету кәсіби шеберлікті қажет етеді. Мақтаса марқайып, сын жазса, тоңмойындық танытатыннан сақтасын. Енді өңірді арала, таныс, елдің жағдайын көзбен көр» деген сөздері қанаттандырып еді», – дейді.

Облыс басшысы айтқан кәсіби шеберлікті жұмыс барысында Күмісжан апай артығымен көрсетті. Біреудің көңіліне қараған жалпақ шешейлікке, адамдарды жеріне, суына, қызмет пен лауазымына қарап, алалаудан аулақ тұрды. Жақсылықтың жаршысы бола жүріп, шоқтай ойып түсер, қылыштай киып түсер өткір сынды да жаза білді. Көп жыл облыс әкімінің баспасөз қызметін басқарған Айдар Башпаев: «Алматы облысында сол жылдары жасалған игілікті істер мен жарқын жаңалықтың барлығы «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жарияланып жатты. Біз баспасөз қызметінде істеп жүріп, әрбір газетке, әрбір телеарнаға апта сайын шолу жасап, айлық қорытындысын шығаратынбыз. 2008 жылы болуы

керек, «Егемен Қазақстан» газетінде Алматы облысы бойынша шыққан материалдардың саны 212 болды. Сонда бір жылда 365 күн болса, соның 212 күнінде облыстың жетістіктері елімізге таралып жатты. Ол деген қыруар еңбек, төккен тер, көз майын тамызып жазған мақалалар. Алматы облысындағы небір керемет дүниелер осы кісінің кезінде бас газеттің бетінде жарқырап шығып жатты», – деп еске алады.

Қаламы жүйрік журналистің жазған мақалаларындағы тың тақырыптары, соны ойлары, өзекті проблемалары оқырмандарын әркез елең еткізіп отыратын. Талғампаз оқушы ерекше ықыласпен ден қоя, зер сала, бар ынта-зейінімен оқитын. Күмісжан әпкемнің тағы бір ерекшелігі – көктем сайын егіздетіп қозылаған қойдай әр жылда кітап шығарып, қан сорпа болып шапқыламады. Табиғатынан анаған да, мынаған да құлдық ұрып, құлап түспейтін болмысы шығармашылығында да байқалады. Бір кезеңдерде тау деп табынған биіктер тарих таразысына түскенде төбешік болып қалатынын өмір көрсетіп келеді. Ал аз күндік дәуреннің, менменшіл мезгілдің шаңтозанын бойына дарытпай, асқақ та айбынды, мөлдір де пәк өз биігінде қалатындар бар. Солардың бірегейі, біз сырсандығын ашып, қазынасын зерттеген Күмісжан Құдайбергенқызы бүгінде 75 жасқа толып отыр. Бұл – жұмыр жерге, жарық дүниеге келген бір адамның туған күні емес, бұл – қазақ журналистикасының мерекелі күні. Фариза Оңғарсынова бір өлеңінде:

Жалғандықтар жосалып,
жанып осып,
Күн кешетін сәт сайын
жанып-өшіп.
Бір құдірет керек қой жер бетінен,
Дүлиенің кеткенде бәрі көшіп, –
дейді.

Төрткүл дүние жағанданып, онсыз да жалған дүние жасанданып бара жатқанда Күмісжан әпкемнің аналық үлкен жүрегі, адамдарға деген мейірімі, әр нәрсеге парасатпен, ақылмен қарайтын нағыз дала әйелдеріне тән аналық болмысы бізге әрдайым керек.

Жұмахмет ЖАНАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір азаматтың қоғамда толыққанды өмір сүруінің кепілі. Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп айқындалған. Сондықтан оны ересек тұрғындарға үйрету – тек тілдік білім беру ғана емес, әлеуметтік интеграция мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың маңызды тегісі.

Ересектерге тілді оқыту мектептегі балаларға арналған әдістемеден бөлек, себебі олардың жас ерекшелігі, өмірлік тәжірибесі өзгеше. Олар мемлекеттік тілді көбіне қызметтік қажеттілікке, қоғамдық ортада қарым-



Маңызды міндет

қатынас жасауға, кәсіби бәсекеге қабілетті болуға, әлеуметтік мәртебені арттыруға байланысты үйренеді. Сондықтан тіл сабақтары практикалық бағытта ұйымдастырылып, өмірде жиі қолданылатын тақырыптарды қамтуы тиіс.

Ересектердің танымдық қоры мол, белгілі бір салада қалыптасқан тәжірибесі бар. Сабақ барысында олардың кәсіби және тұрмыстық тәжірибесін пайдалану тиімді. Мысалы, дәрігерлерге арналған тіл сабақтарында медициналық терминдер, қызмет көрсету саласындағыларға тұрмыстық қарым-қатынас үлгілері көбірек берілуі қажет. Ересектердің басты ерекшелігі – уақыттың шектеулілігі. Жұмысбастылық, отбасылық міндеттер тіл үйренуге көп мүмкіндік бермейді. Сондықтан

сабақтар қысқа, мазмұнды әрі тиімді әдістермен өткізілуі қажет. Мобильді қосымшалар, онлайн сабақтар, аудиоматериалдар қолжетімділікті арттырады.

Ересектер үшін тіл – тек пән емес, әлеуметтік қажеттілік. Сондықтан сабақтарда коммуникативтік әдіс, саралап оқыту технологиясы, тәжірибеге негізделген тапсырмалар басым болуы тиіс. Мұндай жағдайда мемлекеттік тілді оқыту нәтижелі болып, қоғамда қазақ тілінің қолдану аясы кеңейеді.

Балжан ТӨЛЕГЕНОВА,
«Алматы облысының
«Тіл» оқу-әдістемелік
орталығы» КММ
Іле аудандық филиалының
оқытушысы



ЕҢБЕК АДАМЫ

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНДА

Қаскелең қаласының тұрғыны Серік Баймағамбетов бала кезінен теледидар жөндейтін шебер болуды армандайтын. Түрлі механизмді шайып, қайта жинауды ұнататын. Алайда Қостанай техникалық училищесіне түсер кезде оның ұпайы жетпей қалды. Еңбек жолын зауытта жұмысшы, электр энергиясы үшін төлем қабылдайтын кассир болып бастаған. Бірақ алға қойған мақсат-мұраты мен талпынысының арқасында кәсіби электромонтер атанды.



дизелист-электрик ретінде борышын өтеді. Бұл оның болашақ мамандығы – электромонтер болуға алғашқы кадам болған секілді.

Әскерден келген соң Серік Қостанай автожол техникумына оқуға түсті. 1994 жылы оны тәмамдап, сандық басқарудағы станоктарды реттеуші маман атанды. Сол жылдың тамызында Қостанай дизель зауытына жұмысқа орналасты, алайда қазан айында зауыт жабылып қалды. Осыдан кейін өзін іздеу кезеңі басталды.

– Қостанайда жұмыс табу қиын болған соң, 1996 жылы Берік ағам Алматыға шақырды, – дейді Серік Зарлықұлы. – Өзі жүргізуші болып істейтін №7 құрылыс-монтаж басқармасына мені де жұмысқа орналастырды. Әртүрлі тапсырманы орындап, құрылысшы мамандығын меңгердім. 1997-1998 жылдары Алматыда түрлі қызмет атқардым.

2001 жылы Қарасай ауданы Алмалыбақ ауылында тұратын әпкесіне көмекке келеді. Жеке компанияда кассир болып, электр энергиясы үшін төлем қабылдай бастады. Сол кезде ол Қарасай электр төрабының шеберлері Қанат Тәукебаев, Асхат Маметов және бақылаушы Марат Бөлегеновпен танысқан. Олар Серікке Алмалыбақ учаскесіне электромонтер керек екенін айтып, баруға кеңес береді. Осылайша 2003 жылдың 13 тамызында жұмысқа қабылданды. Оның кәсіби

деңгейі, еңбеккорлығы басшылықтың көзіне түсіп, бас кеңсеге ауыстырылды. 2007 жылдың мамырында оны жедел шығу бригадасының электромонтері қызметіне ауыстырды.

Бүгінде Қарасай электр төраптарын Мәди Дүйсенов басқарады. Ұжымда шамамен 200 адам жұмыс істейді. Ал жедел шығу бригадасында 25 адам бар. Бригадаға аға диспетчер Еркін Егеубаев жетекшілік етеді, оған тағы бес диспетчер бағынады. Бриганың құрамында бір инженер-сарапшы, 10 жүргізуші және 9 электромонтер бар. Олардың негізгі міндеті – түрлі себептерге байланысты электрмен жабдықтау үзілген кезде төтенше жағдай орындарына бару. Сонымен қатар осы бригада жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде, бағаналар мен электр сымдарын ауыстырғанда электр қуатын өшірумен айналысады. Инженер Нұрғали Жандаров электр қуатының өшірілуі туралы ұйымдар мен кәсіпорындарды алдын-ала ескертіп отырады, олар соған байланысты дайындалып, шұғыл кимылдайды.

Көп жылғы адал еңбегі үшін Серік Зарлықұлы бірнеше рет «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталған. Ол кәсіби шеберлік сайыстарына да жиі қатысып, топ жарған. Сонымен қатар 2022 жылдың қорытындысы бойынша Серік Зарлықұлы «Үздік электромонтер» атанды.

Біздің кейіпкеріміз жеке өмірінде де бақытын тапқан жан. Оның зайыбы Гүлмира Сайфиева Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер болып еңбек еткен. Қызы Даяна Қаскелеңдегі А. Байжанов атындағы орта мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, қазіргі таңда Логистика және көлік академиясының үшінші курс студенті, IT-энергетик мамандығы бойынша оқып жүр. Бауыржан есімді ұлы сол мектептің 11-сыныбына өтті. Ол да түрлі механизмді құрастыруды ұнатады. Мүмкін, болашақта ол да әкесінің жолын қуып, энергетика саласын таңдайтын шығар.

Серік Зарлықұлы «бақыт» деген қарапайым сөздің өзін терең, жан-жақты түсінеді. Ол үшін ең алдымен бұл – отбасындағы, ұжымдағы, елдегі тыныштық пен тұрақтылық.

Қарасай ауданы

ӨЗЕКТІ

Жалған ақпарат жарға жығады

Қоғамда жәі кездесетін жәйттың бірі – қандай да бір мәтінді бұрмалау немесе толық тыңдамай, оқымай жатып жариялау. Сайттар осы әдісті жәі қолданады. Тақырыпты мәтіннің ішкі мазмұнына сай келмесе де, айқайлатып қояды. Сөйтіп рейтинг жинайды. Бірақ кей адамдар тақырыпқа қарап-ақ ой түйе салады. Осылайша қоғамда дау-дамай артады.

Әсіресе мәтіндерді бұрмалап, сол арқылы манипуляция жасау теріс діни ағымдарда көп кездеседі. Жакында Ұлытау облысында бір адам терроризм айыбымен бес жылға сотталды. Сотталушы ауызша уағыз айтып, бұрмаланған діни мәтіндерді мысалға келтіріп, қала тұрғындарының санасына әсер еткен. Оларды радикалды идеологияға бейімдеуге тырысқан. Мұндай мысалдар қоғамда аз емес.

Жалпы діни мәтіндерді бұрмалау бұрыннан бар. Орта ғасырларда Еуропаның бірнеше аймағында шіркеу қарапайым адамдарға діни кітаптарды қолжетімсіз еткен.

Себебі қоғам кітаптарды оқып, интерпретацияны өзі жасауы мүмкін еді. Оған шіркеу жол бергісі келмеді. Діни кітаптардың түсінігін өздері жасап, қоғамды шіркеуге бағынышты етуге тырысты.

Діни таластарға назар аударсақ, шіркеу «күнәні кешіру үшін құлшылық ету» (metanoie, metanoia) терминін ұзақ жыл бұрмалаған. «YouTube»-тан қарасаңыз, осы туралы біраз деректі фильм бар. Адам күнәсі үшін Құдайдан кешірім сұрап, құлшылық етуге ерікті ғой. Бірақ шіркеу сол құлшылықтың өзі арқылы, ал ең бастысы, ақылы негізде өтуін қалаған.

ТУРНИР

Толағайлар тартысы



Жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан облыстық чемпионат өтті. Аталған жарысқа аймақтағы төрт аудан мен Алматы қаласынан 50-ден астам спортшы қатысты. Турнирдің мақсаты – жасөспірімдер спортын дамыту, талантты ауыр атлеттерді анықтау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Алматыда өткен сайыста 17 жасқа дейінгі зілтеміршілер бақ сынады. Ауыр атлетикадан

облыстың аға жаттықтырушысы Жасұлан Қыдырбаевтың айтуынша, мұндай жарыстар

жас спортшылардың мол тәжірибе жинап, жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді.

«Жарыс жоғары деңгейде ұйымдас-тырылды. Қатысушылардың шеберлігі көңілімізден шықты. Спортшылардың тыңғылықты дайындалуына барынша жағдай жасау қажет. Сонда ғана үздік нәтижеге қол жеткіземіз. Байрақты бәсекелерде ел намысын қорғайтын ерлер көп болсын!» – деді ол.

Чемпионат қорытындысы бойынша, үздік спортшылар Алматы облысы құрамасына іріктеліп, осы айдың соңында Талдықорғанда өтетін Қазақстан чемпионатына қатысады.

– Бұл чемпионат оңай болған жоқ, бірақ мен бар күш-жігерімді салып, жеңіс тұғырына көтерілдім. Ендігі мақсат – ел біріншілігінде сәтті өнер көрсету, – дейді 50 келі салмақ дәрежесінде «Шаңырақ» спорт клубының намысын қорғаған Сәулебай Ералы.

Облыстық чемпионатта «Шаңырақ» спорт клубынан Серғазы Медет және Төрехан Ағаділ, «Жігер» спорт мектебінен Қазы Қайсар, Еркебұлан Кенжеғали, Мұқағали Кенжеғали және Александр Луканенко, республикалық спорт колледжінің атлеттері Нұрғали Қайнар, Мұрат Еран, Қонысбек Ерлан, Ділдәбек Бекасыл, Талғар ауданынан Көкбай Бекарыс өз салмақ дәрежесінде үздіктер қатарынан көрінді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДЕНСАУЛЫҚ

Адам папилломасы вирусы (АПВ) – бұл әртүрлі ағзалардың (жатыр мойнының немесе аногенитальді аумақтың) терісіне және шырышты қабығына инфекция жұқтыратын вирус. Кейбір жағдайда инфекция папилломалардың (сүйел) пайда болуына әкеледі. АПВ-ның 200-ден астам түрі бар.

Адам папилломасы вирусы туралы



АПВ-ның түрлері обыр гениталий сүйелдері немесе тыныс алу жүйесінің ауруларымен коса, әртүрлі індетке алып келуі мүмкін.

АПВ – бүкіл әлемде ең көп таралған, тұрмыстық және жыныстық жолмен берілетін инфекция. Әр адамда АПВ жұқтырудың 80% ықтималдығы бар, яғни 10 ер мен әйелдің шамамен 8-і өз өмірінің қандай да бір сәтінде АПВ инфекциясының бір немесе бірнеше түрін жұқтырады. Инфекцияның ең жоғары таралымы 25 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерде байқалады.

АПВ-ға қарсы вакцина жатыр мойны обырының даму қаупін азайтады.

Екпе салу бірқатар елде тиімді екендігі дәлелденді. АҚШ-та вакцина енгізілгеннен кейін 11 жыл өткен соң 13-26 жастағы әйелдер арасында АПВ-ның таралуы 81% -ға төмендеді.

Жатыр мойны обырының жағдайларын АПВ инфекциясы тудырады. Елімізде жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі немесе күн сайын 5 жаңа жағдайы анықталады. Осы аурудан жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады, басқаша айтқанда күн сайын екі әйел жатыр мойны обырынан көз жұмады. Қазақстанда жатыр мойны обыры 25-тен 44 жасқа дейінгі әйелдерде таралған онкологиялық аурулар арасында 2-орында тұр.

Ең қауіптісі – АПВ-ның онкогенді қауіп жоғары инфекциясы. Басқа қауіпті факторлар – ерте бірінші жүктілік, үш немесе одан көп мерзімге жеткен жүктілік, темекі тарту, әлсіреген иммундық жүйе, АИТВ-инфекциясы немесе жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекциялар.

АПВ-ға қарсы вакциналауда қарсы көрсетілімдер сирек болады. Олар: вакцинаның алғашқы дозасын енгізгеннен кейін немесе вакцинаның кез келген компоненттеріне ауыр аллергиялық реакция, жүктілік, орташа ауырлықтағы немесе ауыр, қызбасы бар немесе қызбасыз жіті ауру.

Жанаркүл ҮСІМБАЕВА,
«Салауатты өмір салтын қалыптастыру мамандарының ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің директоры
Әсел ТІЛЕУМБЕТОВА,
ШЖҚ «Қарасай клиникалық көпбейінді орталық аудандық ауруханасы» КМК инфекционист-гепатолог дәрігері

Алматы облысы Талғар ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылы, Жамбыл көшесі, 125 ғимаратында орналасқан «Hairuna Metal Products» ЖШС кәсіпорнына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар 28.11.2025 ж. сағат 11:30-да, Алматы облысы Талғар ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылы, Жамбыл көшесі, 125 мекенжайында, кәсіпорын аумағында өтеді. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=73886171163> Конференция идентификаторы: 399 091 9748, кіру коды: 8888. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Hairuna Metal Products» ЖШС, БСН: 241240007719, Алматы облысы Талғар ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылы, Жамбыл көшесі, 125 ғимарат, тел: +7(701)-771-74-77. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеуші: «Пориком фирмасы» ЖШС, БСН: 931040000540, Алматы қ.,1-ш/а, 66 «Б» үйі, т.е. 3 «А», 5-кеңсе. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен эл.мекенжай үзін тел: +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com. Жоба материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бойынша; <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайты және ЖАО prroda_alm@bk.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

Общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» для предприятия ТОО «Hairuna Metal Products» расположенного в Алматинской обл., Талгарском р/н, Панфиловском с/о, с.Панфилов, ул.Жамбула, здание №125, будут проводиться 28.11.2025 г. в 11.30, по адресу: Алматинской обл., Талгарский р/н, Панфиловский с/о, с. Панфилов, ул. Жамбула, здание №125, на территории предприятия. Ссылка на онлайн-конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=73886171163> Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Hairuna Metal Products», БИН: 241240007719, Алматинская обл., Талгарский р/н, Панфиловский с/о, с. Панфилов, ул. Жамбула, здание №125, тел. +7(701)-771-74-77. Разработчик раздела «Охрана окружающей среды» – ТОО «Фирма Пориком», БИН: 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66 «Б», н.п.3 «А», офис 5. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию тел: +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке; <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>, замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также по электронной почте МИО prroda_alm@bk.ru

«kz-MAQSAT» компаниясына тіркелген «WECAN WT830» (мини погрузчик) мемлекеттік нөмірі «ASD 614 В» мен техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
«kz-MAQSAT» компаниясына тіркелген «Kubota RX306» (мини экскаватор на гусеничном ходу) мемлекеттік нөмірі «ASD 624 В» мен техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
«kz-MAQSAT» компаниясына тіркелген «Kobelco SK15» (мини экскаватор на гусеничном ходу) мемлекеттік нөмірі «APD 362 В» мен техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
«kz-MAQSAT» компаниясына тіркелген «Komatsu» (мини экскаватор на гусеничном ходу) мемлекеттік нөмірі «ASP 622 В» мен техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



ГАЗЕТТІҢ ОРНЫ БӨЛЕК



Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық «Алатау арайы» және «Оғни Алатау» газеттерінің бас редакторлары Қуаныш Тұнғатар мен Забира Сайділдинаны және белгілі жазушы, облыстың Құрметті азаматы Нағашыбек Қапалбекұлын арнайы қабылдады. Қаламгерлермен кездесуде қоғам өмірінде баспасөздің маңызы туралы әңгіме өрбіді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Басылым басшылары аудан әкімін қос газеттің заман талабына сай даму барысымен таныстырды. Жаңа айдарлар мен тың жобаларды, баспасөздің болашағын сөз етті. Жамбыл ауданы облыстық газетке жазылудан аймақта көш басында тұрғанын атап өтті. Сол дәстүрді сақтау бүгінгіге парыз десек, алдағы уақытта да осы үрдістің жарасымды жалғасын табатынына үміт зор. Ел Президентінің оқитын ұлт қалыптастыру бастамасына орай жамбылдықтардың газетке жазылуды одан әрі ширата түсетініне сенім білдірді. Сонымен қатар биылғы енгізілген бір жаңалық – «Алатау арайы» мен «Оғни Алатау» газеттеріне Қасpi қосымшасы арқылы да жазылуға болатындығынан хабардар етті. Енді оқырмандар бұл міндетті бұрынғыдай пошта бөлімшесіне бармай-ақ, қолдағы ұялы телефонның көмегімен үйде отырып-ақ атқара алады.

– Мемлекеттің саясатын жалпақ жұртқа ұғынықты тілмен түсіндіретін, болып жатқан оқиғадан шынайы ақпарат тарататын газеттің алар орны қашанда бөлек, – деді аудан әкімі. – Сондықтан баспасөз ресми дерек көзі болып саналады. Қазір электронды ақпарат көздерінің көптігі соншалық, ондағы айтылғанның шыны мен өтірігі қайсы екенін ажырату қиындап кетті. Ал «Алатау арайы» мен «Оғни Алатау» сияқты бұрыннан қалыптасқан басылымдарда олай емес, саралап, сараптап, шынайы ақпарат ұсынады. Жамбыл ауданы баспасөзге жазылуда алдыңғы қатардан көрінетінін сіздер лайықты атап өттіңіздер. Мұнда газетті іздеп жүріп оқитын тұрақты оқырмандарыңыз көптеп саналады. Басылымға жазылуды біз әрдайым назарда ұстап, қолдайтын боламыз. Өйткені облыстың төл газетіне оқырман әрқашан оң қабақ танытады деп ойлаймын. Бұл екі басылым бір

ғасырдан астам уақыттан бері халықтың сенімді серігі болып келді, бұдан былай да солай бола береді, – деді Нұрлан Ертасұлы.

Аудан әкімі Қасpi қосымшасы баспасөзге жазылушылар үшін қолайлы болатынын айтты. Әкімдік қызметкерлері мен мекеме басшыларының алдағы жиындарында осы жаңалық таныстырылып, баспасөзге жазылу мәселесі көтерілетінін айтты.

Кездесуде Нағашыбек Қапалбекұлы да облыстың басты басылымдары жөнінде өз пікірін білдірді:

– «Оғни Алатау» газеті бір кездерде атағы дүрілдеп, 100-200 мың данамен басылып шығатын. Сол сияқты «Жетісу» газетінің орнын басқан «Алатау арайы» газеті де қазір өзінің биігінде. Өзім оның тұрақты авторларының бірімін. Газет өте сапалы, мазмұнды шығып жатыр. Басқа өңірлердің облыстық газеттерімен салыстырғанда, біздің облыстың төл басылымы таралым жағынан да, мазмұны бойынша да өте жақсы көрсеткіштерге ие, – деді қарымды қаламгер, ардагер-журналист.

Кездесу соңында аудан әкімі биыл халықаралық деңгейде мерейтойы аталып өтіп жатқан Нұрғиса Тілендиевтің баспасөз бетінде насихатталуына тоқталды. Бұл орайда «Алатау арайы» және «Оғни Алатау» газеттерінде Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мақалалар жыл басынан бері үзбей жарияланып келе жатқанын атап өтті. «Әйгілі композитордың мерейтойына қос басылым ақпараттық қолдау көрсетуде барынша белсенділік танытты. Газет бетінде арнаулы мақалалар, авторлардың материалдары жүйелі түрде беріліп отырды», – дей келе, Нұрлан Ертас осыған байланысты жазушы Нағашыбек Қапалбекұлын, бас редакторлар Қуаныш Тұнғатар мен Забира Сайділдинаны «Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы» төсбелгісімен марапаттап, баспасөз саласындағы еңбектерінің табысты болуына тілектестік танытты.

Жамбыл ауданы

БАСЫЛЫМҒА ЖАЗЫЛДЫ

Қонаев қаласында «Қазпошта» АҚ Алматы облыстық филиалының ұйытқы болуымен Баспасөзге жазылу күні өтті. Жыл сайынғы баспасөзге жазылу науқанының басталуына арналған іс-шарада облыстық «Алатау арайы», «Оғни Алатау» және «Алатау ардагері», Қонаев қалалық «Нұрлы өлке» газеттерінің өкілдері қатысып, басылымдар жайлы ақпаратты келушілерге таныстырды. Оқырмандармен жүздесіп, пікір алмасты.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Газет пен оқырман арасындағы байланысты нығайту мақсатында өткен шара аясында облыс орталығынан шығатын басылымдарға жазылу ұйымдастырылды. Пошта қызметкерлері тарапынан келушілерге арнайы фуршет дайындалды. «Өлке тынысы» ЖШС алғашқы бес адамды «Алатау арайы», «Оғни Алатау» газеттеріне тегін жаздырды. Мұндай игі істі облыстық пошта да жалғастырып, оқырмандардың сүйікті басылымдарымен келесі жылы да қайта қауышуына себепкер болды. Алғашқылардың қатарында Бақытбек Дәулетов, Орынбай Бейсенбайұлы, Қанат Молдабергенов есімді қала тұрғындары жазылды. Олар басылым өкілдері мен пошта қызметкерлеріне жылы лебізін арнады.

Тағы бір айта кетерлігі, пошта ғимаратында бас қосқандардың көпшілігі өздерінің сүйікті «Алатау арайы», «Оғни Алатау» газеттеріне жазылу үшін арнайы келген. Бұған куә болған біз де бір марқайып қалдық. Сондай-ақ аталған басылымдарға биыл алғаш рет жазылушылардың қатары молая бастағаны да көңіл қуантады.



– Жылдағы дәстүр бойынша өтіп жатқан шара тұрғындардың баспасөзге жазылуына септігін тигізетіні анық. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде баспасөздің үлесі мол. Қазіргі кезде әлеуметтік желінің ақпарат таратудағы жылдамдығын жоққа шығармаймын. Алайда халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналып отырған мерзімді басылымдар нақты деректерге сүйене отырып, шынайы ақпарат таратады. Осы орайда мемлекеттік саясатты насихаттау мен облыстың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген «Алатау арайы», «Оғни Алатау» газеттері жұртшылыққа етене таныс. Оқырман мен газет редакцияларының арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бүгінгідей іс-шаралар көбейе берсін! Баршанызды өңірде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып, сараптамалық, әдеби-танымдық мақалаларды оқығыларыңыз келсе, облыстық газеттерге жазылуға шақырамын, – деді Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Жақан Ахаев.

«Алатау арайы», «Оғни Алатау» газеттерінің редакторлары Қуаныш Тұнғатар мен Забира Сайділдина облыстық пошта басшылығына оқырмандардың арыз-шағымын жеткізіп, пошта қызметінің көңіл көншітпейтін тұстарына тоқталып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Өз кезегінде «Қазпошта» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Данияр Итибаев, республикалық баспасөз тарату басқармасының менеджері Рахымжан Бәтешов мерзімді басылымдардың оқырманға дер кезінде жетуі үшін қажетті жұмыстар қолға алынатынына уәде етті.

Осылайша облыстық пошта ғимаратындағы мерзімді басылымдар мен оқырман арасындағы байланысты жандандыру бағытында ұйымдастырылған маңызы зор іс-шара «Бүгінде ешкім газет оқымайды» дейтіндердің қателесетінін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қонаев қаласы

АРТЫҚ ЕМЕС БІЛГЕНІҢ

Су астындағы «мұражай»

Әдетте мұражай дегенде, көз алдымызға картиналар мен жәдігерлерге толы мәрмәр залдар, ежелгі мүсіндер мен көне қазыналар елестейді. Алайда жер бетінде қабырғасы да, әйнек қорабы да жоқ ең үлкен мұражай барын білмейміз. Ол адам аяғы баспайтын тереңде, мұхит астында орналасқан. Археологтар оны «Көк мұражай» деп атайды, себебі мұхит қойнауы адамзат тарихының жер бетіндегі барлық мұражайларын қоса алғандағыдан көп жәдігерін сақтап отыр.

Айбек БЕЙСЕБАЕВ

Ғалымдардың есептеуінше, Жер шарындағы мұхиттарда шамамен үш миллионға жуық кеме қалдығы жатыр. Оларды қола дәуірінен бүгінгі заманға дейінгі сауда, саяхат, соғыс және апаттардың үнісіз куәгері деуге болады. Кейбірі судың оттегі тамшы терең қабаттарында шірімеген күйде сақталған, ал кейбірі теңіз ағзаларымен бітісіп, ендігі тірі рифтерге айналған.

Мұхит табанынан табылған осындай құпия жәдігерлердің бірі Антикитера механизмі деп аталады. 1900 жылы Грекияның Антикитера аралы маңында сүңгуірлер кездейсоқ ежелгі римдік кеме қалдығын тапқан. Сол жерден алынған тот басқан қола тетіктердің арасында ғалымдарды ғасырлар бойы таң қалдырған құрылғы болды. Бүгінде Антикитера механизмі деп аталатын құрылғы – әлемдегі алғашқы аналогтық есептегіш құрал. Ол 2000 жыл бұрын Ай мен Күннің тұтылуын дәл болжай алған. Бұл олжа ғалымдардың ежелгі ғылым мен инженерия туралы түсінігін түбегейлі өзгертті.

Кейде теңіз түбінен кемелер ғана емес, тұтас қалалардың орны да табылады. Мысалы, Мысыр жағалауындағы Гераклеон қаласы – ежелгі Александрияның теңіз порты болған. Ол жер сілкінісі мен су деңгейінің көтерілуі салдарынан су астына кеткен. Қазір сүңгуірлер ол жерден алып мүсіндер мен храмдардың орнын, жазбаларды тауып жатыр. Теңіз тарихты жоймай, оны үнісіз сақтап қояды.

Бүгінде теңіз археологиясы робот техникалары, гидролокаторлар және тереңге сүңгітін аппараттар көмегімен жаңа деңгейге көтерілді. Соған қарамастан, ғалымдар мұхит түбінің небәрі 5 пайызы ғана зерттелгенін айтады. Демек, миллиондаған жәдігер әлі су астында деген сөз.



Бас редактордың бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҰРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:

Қуаныш ТҰНҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 272 42 04
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБҮТӨЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жандан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтardaғы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZZ2VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – 70» филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10. П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 1067

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000**, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823**.

Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ